

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ТҮЗЕУ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ  
БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН  
ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Әдістемелік нұсқаулықтар

Алматы 2018

УДК 376  
ББК 74.6  
М 41

Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесімен мақұлданған және ұсынылған (10 қазан 2018, хаттама №19).

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім беру Департаментімен ұсынылған

***Пікір бергендер:***

*Өмірбекова Қ.Қ.* - Абай атындағы ҚазҰПУ, п.ф.к., профессор

*Оразаева Г.С.* – ҚазМемҚызПУ, п.ф.к., доцент

***Авторлар - Тулебиева Г. Н., Ибатова Г.Б., Даурамбекова А.А., Нурсейтова Ж.Ж.***

М 41 Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысының мазмұны: әдістемелік нұсқаулықтар/ Г.Н. Тулебиева, Г.Б. Ибатова, А.А. Даурамбекова, Ж.Ж. Нурсейтова, - Алматы: ТП ҰҒПО, 2018.- 53 б.

ISBN 978-601-7131-83-8

Әдістемелік нұсқаулықтарда мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысының мазмұны қарастырылған. Нұсқаулықтарда жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысының оқу-тақырыптық жоспары, логопедтің әдістемелік-кеңес беру қызметінің мазмұны берілген.

Әдістемелік нұсқаулық жалпы білім беру және сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп логопедтері мен тәрбиешілеріне, ата-аналарға, "Дефектология" мамандығы бойынша білім алып жатқан білім алушыларына арналған.

УДК 376  
ББК 74.6

ISBN ISBN 978-601-7131-83-8

© ТП ҰҒПО, 2018

© Г.Н. Тулебиева, Г.Б. Ибатова, т.б. 2018

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	4
I МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ .....	5
1.1 Түзету жұмысы мазмұнының жалпы сипаттамасы .....	5
1.2 Фонетикалық деңгейдегі логопедиялық жұмыс .....	7
1.3 Лексикалық – грамматикалық деңгейдегі түзету жұмысы .....	14
1.4 Синтаксистік деңгейдегі логопедиялық жұмыс .....	19
II ЛОГОПЕДТІҢ ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУ .....	32
2.1 Күнтізбелік-тақырыптық жоспар .....	32
2.2 Жылдық жоспар .....	45
2.3 Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарында логопедтің әдістемелік-кеңес беру қызметі .....	49
Қорытынды .....	52
Қолданылған әдебиет тізімі .....	53

## КІРІСПЕ

Жазу - күрделі психикалық қызмет. Жазу тілін қолдану үшін бірқатар дағдыларды игеру қажет. Жазу сөздің дәл, қатаң дәйекті фонемалық талдауын және дыбыстарды тиісті фонемалармен сәйкестендіруді, яғни фонемалық қорытуды жүзеге асырумен байланысты. Содан кейін фонемалар қатаң белгіленген әріптермен белгіленуі керек. Жазу ұқсас фонемаларды бір-бірінен ажыратуды, әріптер графигін есте сақтап қажетті реттілікте еске түсіруді талап етеді.

Кіші мектеп жасындағы дисграфиясы бар балалардың жазуының бұзылу және түзету мәселесінің өзектілігі бұл жаста танымдық процесстерінің сипаттамасы, атап айтқанда, жазудың және ең маңызды жеке дамудың қалыптасуымен негізделеді.

Мектеп логопедінің негізгі мақсаты бастауыш сынып оқушыларында уақытында жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын анықтап, түзету жұмысын ұйымдастыру болып табылады. Жазудағы қателер ерекшеленген түрінде қалыптасқан жағдайда баланың мектеп бағдарламасын меңгеруінде қиындықтар туындайды. Соңғы кездерде өзекті мәселе - қазақ тілінде оқитын оқушылардың жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын алдын алу және түзету.

Жазбаша сөйлеу тілінің қалыптасуының алғы шарттары мен сөйлеу тілі бұзылған балаларды оқу мен жазуға үйретудің психологиялық-педагогикалық негіздері және жалпы білім беру мектептің бастауыш сынып білім алушылардың жазбаша сөйлеу тілінің ерекшеліктері ТП ҰҒПО Қазақ тілінде оқитын ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арнайы білім беру зертханасының қызметкерлерінің эксперименттік зерттеу жұмыстары негізінде анықталып, алғы шарттары анықталған (Қ.Қ. Өмірбекова, 2016), «Мектеп жасына дейінгі жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысының ұйымдастыру-әдістемелік негіздері» (С.Ж. Өмірбек, Г.Н. Тулебиева, Г.Б. Ибагова, Ж.Ж. Нурсейтова, 2017) атты әдістемелік нұсқаулықтарында қарастырылған.

Қазіргі уақытта ауызша сөйлеудің жеткіліксіз дамуы мен балалардың жазылуын және оқылуының бұзылуымен тығыз байланыс бар екені жалпыға белгілі. Сондықтан, бұзылыстарды жою үшін түзету шараларын қолданудың бірыңғай жүйесі қажет.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулықтар 2016-2018жж. арнайы білім беру саласындағы «Арнайы білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету» «Ғылыми дамыту» қолданбалы зерттеулер бағдарламасы шеңберінде әзірленген. Нұсқаулықта ұсынылып отырған материалдарды арнайы және жалпы білім беру ұйымдарында оқыту-тәрбиелеу процесін ұйымдастыруда, дефектология және бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі мамандығының білімалушылары, ата-аналар қолдануларына болады.

# І МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

## 1.1 ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫ МАЗМҰНЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Ұсынылған әдістемелік нұсқаулардың мақсаты - қазақ тілінде оқитын жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстары бар 1-4 сынып білімалушылармен жүргізілетін кешенді түзету жұмысының бағыттарын ұсыну, білімалушылардың жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын деңгейлер бойынша түзету жұмысын ұйымдастыру.

Аталған мақсатқа сай, әдістемелік нұсқауда жазбаша сөйлеу тілі бұзылған балалармен логопедиялық жұмыс мазмұнында мынандай міндеттер көзделеді:

1. Сөздің құрамы туралы түсініктерін нақтылау; дыбыстық – буындық сөз құрамын талдау дағдыларын іске асыру;
2. Акустикалық – артикуляциялық ұқсастыққа ие жұп дауыссыздар мен фонемаларды ажырату дағдысын бекіту;
3. Балалардың сөздік қорындағы сөздердің мағынасын нақтылауды пайдалана отырып, сөздік қорды белсендіру.
4. Сөзжасамның әртүрлі тәсілдерін белсенді пайдалана алуды дамыту есебінен, балалардың сөздік қорына термин сөздер енгізу жолымен байыту;
5. Заттың атын, әрекетін, сипатын білдіретін сөздерді табуға үйрету;

### *Түзетушілік:*

1. Дұрыс айтатын дыбыстар артикуляциясын нақтылау және қате айтылатын дыбыстарды қою және машықтандыру;
2. Сөз тіркестерін және сөйлемдегі сөздерді байланыстыруды игерту жолымен, грамматикалық безендіруді дамыту және іске асыру;
3. Байланыстырып айту құрылымының дағдыларын дамыту ;
4. Тілдің психологиялық базасын құру: ойлау; жады; зейін тұрақтылығы; қоршаған орта туралы түсініктерінің қоры; қиял; бақылау, әсіресе тілдік құбылыстарды; жалпы және ұсақ моторикасын дамыту;
5. Оқу әрекетін қалыптастыру: өз әрекетінің барысын бақылау; алған білімдерін жаңа жағдайларда пайдалану; жеке әрекеттерін талдау және бағалау.

### *Тәрбиелік:*

1. Жауапкершілік сезімін, өзіне сенімділігін, жеке құндылықтарын қалыптастыру;
2. Жеке қасиеттерді қалыптастыру: ұйымдастырушылық; тәрбиелік;

бір – біріне деген құрмет; өзі және өз мүмкіндіктері туралы дұрыс көзқарас

Жұмыс мазмұны ауызша сөйлеу ақауларының фоны бойынша оқуға және жазуға қатысты бұзылуларды болдырмау арқылы сауаттылықты табысты игеруге бағытталған. Түзету жұмысының мазмұны бірқатар өзекті қағидаттарға негізделген:

1) түзету жұмыстарының мазмұны мен әдістерінің балалардағы сөйлеуінің даму ерекшеліктеріне тәуелділігі;

2) сөйлеу кемшіліктерінің сенсорлық ақауларымен және бұзылыстарды толтыратын полисенорлық қабылдаудың арқасында түзету-компенсаторлық дамудың ықтимал мүмкіндіктерімен байланысын ескеру;

3) арнайы түзету компенсаторлық формалары мен сөйлеу кемшіліктерін жету жолдарын енгізу есебінен көру қабілетінің төмендігі бар балалардың сөйлеу тілі дамуын күшейтеу.

### **Логопедиялық сабақтардың орны**

Балалар логопедтік сабақтарға іріктеліп, 3-5 адамнан аспайтын топтық және жеке сабақтар өткізіледі. Логопедиялық сабақтар жиілігі сөйлеу бұзылыстарына байланысты аптасына 2-3 рет. Топтық сабақтың ұзақтығы - бірінші жартыжылдықта 35 минут, 1-сынып -40 минут - екінші жартыжылдықтан бастап 1-ші сынып, 2-4 сынып, жеке 20-30 минут. Түзету жұмыстарының уақыттары визуалды диагнозбен бірге сөйлеу бұзылысының ауырлығымен анықталады; Топтарды құру - сөйлеу дамуының бұзылыстарының ұқсастығы, тілдің бұзылысы бойынша қорытындысы, психикалық даму деңгейі, жас мөлшері. Оқудың жалпы ұзақтығы - 270 сағат (1-сыныпта - аптасына бір рет, жылына 31 сағат, 2-ден 4-ші сынып - аптасына 2 рет, жылына 64 сағат).

Міндетті жеке және топтық түзету сабақтары бүкіл сыныппен емес, бір оқушының немесе топтың қатысуымен жүргізіледі, үш адамнан аспайды. Әр оқушы аптасына 15-тен 20 минутқа дейінгі түзету сабақтарын педагогпен өткізуіне уақыт бөлінеді, аптасына 3 реттен артық емес есептелінеді.

#### **Логопедиялық жұмыстың мазмұны**

Жұмыс бағдарламасы бойынша жұмыс мазмұны мектеп бағдарламасының орыс тілімен және оқуымен тығыз байланысты. Түзету жұмыстарының мазмұны шартты түрде бірнеше кезеңге бөлінеді. Оқушыларға байланысты қажет болған жағдайда түзету білімінің кезеңдері, сөйлеу терапиясы сабақтарының тақырыптары немесе қайталанатын сағаттар саны өзгертілуі мүмкін.

Логопедиялық жұмыс басталғанға дейін тексеру ұйымдастырылады. Зерттеу кезінде тіл жүйесінің қандай компоненттері бұзылғаны анықталады. Диагностика үшін, ақау құрылымы нақтылау және сөйлеудің түрлі қырларының бұзылу ауырлығын бағалау, жеке түзету жұмысының жүйесін

салу, кіші топтарды жасақтау, баланың сөйлеуінің даму динамикасын қадағалау, ауызша және жазбаша тілдік диагностикалауда Т.А. Фотекова Т.А. мен Т.В. Ахутина Т.В. әдістемелері қолданылады.

Тексеру нәтижелері бойынша одан әрі түзету жұмыстары жоспарланды. Логопедиялық жұмыстар мүмкіндігінше ерте басталуы керек, нақты жоспарлануы және ұйымдастырылуы, түзету бағыты ғана емес, қайталама ақаулардың алдын-алу сипаты болуы керек.

Түзету жұмысы екі бөлімнен тұрады:

### **Дайындық жұмысы 1 – сынып**

**Мақсаты:** сенсомоторлық қызметтерін, психологиялық үрдістерін және оқуға деген дайындығының байланыстарын дамыту және іске асыру.

Логопед – мұғалімдер өз қалауы бойынша сабақтарды әр баланың дамуы мен тіл бұзылыстарын ескере отырып, логопедиялық сабақтың басында өткізеді.

#### **I кезең:**

- айту бұзылыстарын түзету;
- толыққанды фонетикалық түсініктерін қалыптастыру және дыбысты талдау мен жинақтау жаттығулары кезінде дыбыстық жалпылауды іске асыру;

#### **II кезең:**

- балалардағы бар сөздердің мағынасын нақтылануы және сөздік қордың одан ары дамуы;
- Әртүрлі сөз таптарына жататын жаңа сөздерді сөздік қорына жинау;
- Балалардың жасай алуына қарай сөзжасамның әртүрлі тәсілдерін пайдалану;
- Грамматикалық сөйлеу жағын дамыту, нақтылау және іске асыру;

#### **III кезең:**

- Әртүрлі синтаксистік құрылымды, әртүрлі мәтін түрлерінен сөйлем құрауды іске асыру;

### **Негізгі бөлім: 2 -4 сыныптар.**

Түзету жұмысы негізгі 3 бағыт бойынша жүргізіледі:

- Фонетикалық деңгейде;
- Лексикалық – грамматикалық деңгейде;
- Синтаксистік деңгейде.

## **1.2 ФОНЕТИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫ**

- дыбыс айту бұзылыстарын түзету;
- тілдің даму базасында толыққанды фонетикалық түсініктерін қалыптастыру;
- толыққанды фонетикалық түсініктерін қалыптастыру және дыбысты

талдау мен жинақтау жаттығулары кезінде дыбыстық жалпылауды іске асыру.

Сөйлеу тілінің жеткілікті дұрыс дамуына фонематикалық есту қабілетінің тигізетін әсері өте зор. Фонематикалық есту - дыбыстарды, сөздерді, фразаларды анық, дұрыс айтуын қамтиды. Фонематикалық естудің арқасында сөздің лексикалық және грамматикалық мағынасы меңгеріледі. Ал бұл ана тілінің жүйесінің қалыптасуына ықпал етеді.

Фонетикалық деңгейдегі жұмыс екі бағытта жүргізіледі:

- сөздің дыбыстық құрамын талдау (жай түрінен күрделіге қарай);
- фонетикалық қабылдауын, яғни ұқсас фонемаларды ажырату.

Балалардың фонематикалық түсінігі (қабілеті) фонемалардың әр түрлі нұсқаларын бақылап, оларды өз ара салыстырып, талдап, қортындылау нәтижесінде қалыптасады. Фонематикалық түсінігінің қалыптасуына артикуляциялық кинестезияның маңызы зор. Сондықтан артикуляциялық аппараттың жұмысына алғашқы сабақтан бастап балалардың зейінін, көңілін аудару керек. Сабақтың бастапқы кезеңінде алдыңғы қатардағы дауысты дыбыстар және айтылуы сирек бұзылатын дауыссыз дыбыстар (П,М,Н,Ф,Т,К ...) өгіледі. Бұл кезеңде артикуляцияның сипаттамасына терең тоқталмай, оның негізгі белгілеріне ғана тоқталған жөн.

Дыбыстарды ажыратуын анықтау, бекітуге бағытталған логопедиялық жұмыс әр түрлі анализаторға (сөйлеу, есту, қимыл, көру т.б.) сүйене отырып жүргізіледі.

Шатастыратын дыбыстарды ажырату жұмысы екі кезеңнен тұрады:

- алғашқы кезең;
- шатастыратын дыбыстарды естігенде айтқанда ажырату.

*Бірінші кезеңде* шатастыратын дыбыстардың әрқайсысының айтылуы мен естілуі жеке анықталады. Ол жұмыс мынандай кезектілікпен жүргізіледі: көру, есту, сезіну анализаторларына сүйене отырып дыбыстық артикуляциясы мен дыбысталуын анықтау; оның буындағы орнын анықтау; сөздегі орнын анықтау (сөздің басында, ортасында, аяғында); сөздегі дыбысты, оның орнын анықтау; қандай дыбыстың алдында, қандай дыбыстан кейін естілуін анықтау; дыбыстың сөйлемдегі, тектегі орнын анықтау.

*Екінші кезең* шатастыратын дыбыстарды қатар айтылуы мен естілуін салыстыру. Ажырату жұмысы жоғарыда көрсетілген кезектілікпен жүргізіледі. Бірақ негізгі жұмыстың мақсаты ажырату болғандықтан сөздік материалдар шатасатын дыбыстарды бірдей қамту керек. Түзету жұмыс барысында дыбыстарды ажыратуын бекітетін жазбаша жаттығулар ерекше орын алады. Дисграфияны түзету жұмысының алдында міндетті түрде дыбыс айту кемшіліктерін түзету қажет.

Әдетте дыбыс айтуын түзету жеке логопедиялық сабақ барысында жүргізіледі, содан кейін дисграфия тобының сабағына қатысады. Түзету жұмысының барлық кезеңінде балалардың танымдық процестерін, сөз



қорын, грамматикалық құрылымын дамытуға бағытталған жұмыс түрлері қарастырылады.

#### *Ақустикалық - артикуляциялық ұқсас дыбыстарды ажырату*

Бұл бағыттағы жұмысты алдымен ұқсас дауысты дыбыстардан бастап, содан кейін ұқсас дауыссыз (қатаң, ұяң) дыбыстармен жалғастыру керек. Жұмыс барысында кейбір төмендегі тәсілдерді пайдалануға болады.

#### *Кинетикалық ұқсас әріптерді ажырату*

Кинетикалық ұқсас әріптерді ажырату жұмысы сурет, геометриялық фигура, музыкамен іс- әрекет жасай отырып көріп қабылдауын, кеңістікті бағдарлауын анықтаудан басталады.

Жұмыс барысында бейнелер мен әріптердің құрылымын, олардың ұқсас және айырмашылығын көріп талдауын, жинақтауын дамытуға бағытталған жаттығулар кең пайдаланды. Бұл бағыттағы қолданылатын барлық жаттығулардың негізгі мақсаты фонема - артикулема – графема- кинеманың арасындағы байланысты бекіту. Дұрыстығын бақылау үшін барлық төрт анализатор іске қосылады.

#### *Фонематикалық талдау және жинақтауын дамыту*

Фонематикалық талдау, жинақтауға дыбыстық талдаудың қарапайым және күрделі түрі жатады. В.К. Орфинскаяның мәліметтері бойынша дыбыстық талдаудың қарапайым түрі тек арнайы оқыту барысында дамиды. Талдау, жинақтау дағдылары белгілі кезектілікпен жүргізіледі.

#### *Фонетикалық талдаудың күрделі түрін дамыту*

Дыбыстық талдаудың күрделі түріне сөз құрамындағы фонемалардың кезектілігін, оның санын, басқа дыбысқа қатысты орнын анықтау жатады. 2-3 дауыстыдан тұратын қатары, дауысты, дауыссыздардан тұратын қатарға қарағанда жеңіл талданады. Сондықтан фонематикалық талдау, жинақтауды қалыптастыруды алдымен тек дауысты дыбыстар қатарынан (ау, уа) бастап, кейін дауыссыз дыбыстар қосылған қатарлар беріледі (ум, на), содан соң бір-екі, одан да көп буынды сөздерге көшкен тиімді.

Фонематикалық талдаудың күрделі түрін қалыптастыру барысында, мынаны ескерген жөн. Кезкелген ойлау іс-әрекеті даму барысында бірнеше кезеңнен өтеді: материализация негізінде іс-әрекетті игеру, сөйлеу негізінде, ойлау негізінде ( П.Я Гальперин бойынша).

*I кезең* - көмекші тәсіл мен іс-әрекетке сүйене отырып фонематикалық талдау мен жинақтауын қалыптастыру. Алғашқы жұмыс барысында текше (фишка), сөздік графикалық схемалар сияқты көмекші тәсілдер қолданады.

*II кезең* - фонематикалық талдауды сөйлеу негізінде қалыптастыру. Сөз айтылады, бірінші, екінші, үшінші, т.б. дыбыстар анықталады, дыбыс саны

анықталады. Қойылған сұрақтар арқылы сөздің дыбыстық құрамы талданады. Мысалы: «тал» сөзінде бірінші дыбыс қандай? Екінші, үшінші дыбыс қандай? Барлығы неше дыбыс? Неше дауысты дыбыс? т.б.

*III кезең* - ойлау негізінде фонематикалық талдауын қалыптастыру. Оқушы сөзді атамай, естімей яғни елестету негізінде сөз құрамындағы дыбыстың санын және кезектілігін анықтайды.

*Буындық талдау мен жинақтауын дамыту*

Буын сөйлеу материалдың ерекше түрі деп білеміз, өйткені біздің байқауымызша дыбыстардың айтуын машықтандыру және ажырату кезеңінде буынмен жұмысқа аса көңіл бөлімбейді: көп жағдайда дыбыстарды жеке қарастырғаннан кейін бірден сөзде, сөз тіркестерінде, мәтінде ажыратуға көшеді (бір сабақта). Нәтижесінде оқушылар керек дағдыларын меңгере алмайды және тақырыпты өтіп болғаннан кейін де сол әріптерді жазу кезінде шатастырады. Шатастыратын дыбыстарды әртүрлі позициялық жағдайда ажырату толық көлемде өткізілуі шарт. Сонда ғана оқушылар дыбыстық-буындық құрамы күрделі сөздерде оларды ажыратуын меңгереді.

Буындық талдауды дамыту процесінде сөздегі дауысты дыбысты анықтауға және буынға бөлудің негізгі ережесін (сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады) меңгеруге көңіл бөлу керек. Төмендегі негізгі буындар үлгісін ұсынамыз:

ша - са	са - ша	ша - са - ша
шә-сә	сә-шә	шә-сә-шә
ша - шә	са-сә	ша --сә-шә
шо - со	со - шо	шо - со - шо
шө - сө	сө - шө	шө - сө - шө
шо - шө	со - сө	шо –сө-шо
шу - су	су - шу	шу - су - шу
шұ - сұ	сұ - шұ	шұ - сұ - шұ
ши - сы	сы - ши	ши - сы - ши
аш - ас	ас - аш	ас -аш - ас
ош - ос	ос - ош	ос -ош - ош
уш - ус	ус - уш	ус -уш -ус
ұш-ұс	ұс-ұш	ұс-ұш-ұс
иш - ис	ис - иш	ис - иш - ис
ыс-іс	іс-ыш	іс - ыш - іс
аша - аса	аса - аша	ста - шта
ашә- асә	асә - ашә	стә- штә

оша - оса	оса - оша	сто - што
уша - уса	уса - уша	сту - шту
ушө - усө	усө - ушө	стө - штө
иша - иса	иса - иша	сти - шти
ыша - ыса	ыса - ыша	стуы - шты
шва - сва	ела - шла	шка - ска
шво - сво	сло - шло	шко – ско шка-ско
шву - сву	слу - шлу	шку – ску шку-ску
швы - свы	слы - шлы	шки - ски
шас	саш	аш-ся
шос	сош	ош-ся
шус	суш	иш-ся
шис	сеш	еш-ся
шөк	көш	өш-өс

Буынмен жұмыс келесідей жаттығуларды болжайды:

1. естіп қабылдау;
2. естігенді қайталау;
3. кестелерді оқу: а) реттілігімен, б) бөліп;
- 4 дыбыстарды жат жазу.

Ескерту: буындар кестесін құрған жағдайда дыбыстардың ерекшеліктерін ескеру қажет.

Алдымен дауысты дыбыстың буындағы, сосын бір буынды сөздердегі орнын анықтайды ( басында, ортасында, соңында) белгілейді. Ол үшін әр түрлі тәсілдер пайдаланады, текшемен, дөңгелекпен, түсті «қағаздармен белгілеу сияқты.

О \_\_\_\_\_ ,      О \_\_\_\_\_ ,      О \_\_\_\_\_ ,

Жұмыс барысында төмендегідей тапсырмаларды қолдану тиімді:

- сөздегі дауысты дыбыстарды жазу.  
( кора – о – а)
- буындық құрамына байланысты суреттерді іріктеу немесе цифрді көрсету.
- суретті пайдаланып сөздің түсіп қалған буынын табу:  
ба – пан, бал -, - шина
- суреттегі заттардың атын атап, бірінші буынын бөліп сөз (сөйлем құрау). Мысалы: «сабын», «қалам» (сақа);

- ретсіз берілген буындардан сөз құрау ( қу, шақ, ыр; ла, ба, пан);
- сөйлемнен белгілі буынды сөздерді табу (2-3 буынды сөздер).

### *Сөз деңгейіндегі түзету жұмысы*

Бұл деңгейдегі түзету жұмысының негізгі міндеттері:

1. Жаңа сөздерді, олардың мағынасын меңгеру негізінде сөз қорын молайту;

2. Сөз қорын сапалы молайту (сөздің, сөз мағынасын, астарын түсіну негізінде).

3. Сөз қорын дөрекі, жаргонды сөздерден тазарту.

Бұл кезеңде оқушылар сөзді буындық және морфемдік талдауға, жинақтауға; сөздің мағынасын, синонимін, антонимін және омоним сөздерді бақылауға жаттығады. Түзету жұмысы мынандай бағыттарда жүргізіледі:

- оқушылардың белсенді сөз қорын тексеру.
- сөз қорын анықтауға және байыту (синоним, антоним, омоним, жаңа сөздер пайдалану арқылы)
- сөздің буындық құрамын талдау және жинақтау.
- буын түрлері (ашық, жабық);
- екпін;
- сөз құрамы (сөз түбірі, түбірлес сөздер, күрделі сөздер, жалғау, жұрнақтау).

Оқушылардың жазбаша сөйлеу тілінде шатастыратын дыбыстарды ажыратудың шарты ауызша сөйлеу тіліндегі дыбыстарды алмастыру және шатастыруын алдын ала жою. Мұндай балалармен жеке логопедиялық жұмыс жүргізілуі тиіс, ауызша сөйлеу тіліндегі ақаулықтарды жойғаннан кейін бала дисграфияны түзету мақсатымен топқа қосылады.

### *Сөздің фонематикалық талдауы.*

Фонематикалық талдау функцияларын қалыптастыру дауыссыз дыбыстарды, дауысты дыбысты сөз ішінде ажырату, оны сөздің басынан және соңынан табу, сөзде дыбыстың санын, орнын, реттілігін анықтаудан тұрады.

Сөз ішінде дыбысты тану бойынша жұмысты дыбыстың артикуляциясын анықтаудан, артикуляциялық мүшелерінің қалпын көріп сезінуден бастаған жөн. Бұл ретте дыбысқа тән дыбысталуына назар аударылады. Ұсынылып отырған буындарда аталған дыбыстың бар-жоғы анықталады. Осыдан кейін логопед буындық құрамы әртүрлі сөздерде аталған дыбыстың бар-жоғын анықтауға нұсқау береді. Белгіленген дыбыс сөздің басында болуы керек. Берілген сөздердің қатарында аталған дыбыс жоқ сөздерде беріледі.

Дыбыстың бар-жоғы алғашқыда есту арқылы анықталады, кейін баланың өзінің айтуы бойынша, соңында зерделік жоспар бойынша. Дағдыны машықтандыру мақсатымен балаларға өздеріне аталған дыбыспен сөз

ойландар, осы дыбыс кездесетін суреттерді іріктеп алындар деп тапсырма беруге болады.

Дәл осылай сөздің соңында тұрған дауыссыз дыбысты анықтап, ажырату бойынша жұмыс жүргізіледі.

Сөздің фонематикалық талдауын қалыптастырудың келесі кезеңі екпінді дауысты дыбысты сөз ішінен тану (қас, қыз, доп, бор типтегі сөздер) болып табылады.

Алдымен балалар «А», «О» дыбыстардың артикуляциясын анықтап алады. Логопед бұл дыбыстар бар сөзді созып, айқын айтады. Мысалы, логопед «А» дыбысын «қас» сөзінде созып айтып, балаларға келесі сұрақ қояды: «Бұл сөзде қай дыбыс естіледі, «А» немесе «О» дыбысыма?». Осылай басқа сөздермен жұмыс жүргізіледі. Алғашқыда бір буынды сөздер берілсе, кейін сөздер күрделенеді.

Ал балалар дауыссыз дыбыстарды сөздің басынан және соңынан танып, ажыратуды үйренгеннен кейін осы дыбыстарды сөздің ортасынан ажыратуды үйретеміз. Алғашқыда бұл оңай сөздері болуы тиіс (мысалы, ар-ба, «Р» дыбысын ажырату; ма-са, «С» дыбысын тану). Сөздер буындап айтылады. Керекті дыбысты дауыспен ерекшелендіріп айтылады және суреті көрсетіледі.

Жазбаша сөйлеу тілі бұзылған балаларда сөзден бірінші дауыссыз дыбысты танып, ажырату қиын болады. Олар әсіресе ашық буындағы бірінші дауыссызды тануда көбінесе қателеседі. Мысалы, сабын деген сөзде «С» орнына бірінші дыбыс «са» деп айтады. Өйткені балада «дыбыс, буын» деген ұғымдар қалыптаспаған болады.

Сөздің соңындағы дауыссызды танып, ажырату алдымен тұйық буындарда машықтандырылады. Балаларға алдында талдап үйренген буындар құрамына ұқсас сөздер алынады. Мысалы, ал-ал-ал- бал: ақ-ақ-ақ-лақ; ыз-ыз-ыз-қыз. Алдымен буынның соңындағы дыбыс анықталады, кейін-сөздің соңында.

Кейін сөздің соңындағы дауыссыз дыбыс есту арқылы баланың өзінің айтуы, суреттерді атауы бойынша ажыратылады. Бала сөзді айтпай, естіп қабылдау арқылы соңғы дыбысты айыра алса бұл дағды қалыптасқан деп есептеледі.

Сөз ішінде дыбысты тану бойынша келесі тапсырмалар түрін ұсынуға болады:

Тапсырма: қатардағы сөздерде «Ш» дыбысын естісең жалаушаны көтер:

- шана, маса, шыны, арба, асық, шаңғы, тарақ, шұбат, т.б.;
- аш, қас, ағаш, бала, қаз, маш, орақ, ғарыш;
- асық, аша, мақта, алаша, аласа, қасық, ашық.

Тапсырма: атауларында «С» дыбысы кездесетін суреттерді іріктеп алындар:

Сағат, маса, шана, қасық, асық, бақа, ағаш, қасқыр, т.б.

*Тапсырма:* суреттердің атауында «Қ» дыбысы сөздің басында естілсе, қызыл вагонға орналастыр, ал сөздің соңында естілсе жасыл вагонға орналастыр:

Қасқыр, лақ, қарға, коян, құлын, жапалақ, т.б.

*Тапсырма:* берілген дыбыс сөздің басында (аяғында, ортасында) кездесетіндей сөз ойлау.

*Тапсырма:* атауларында берілген дыбыс кездесетін жануарларды (жемістерді, ойыншықтарды, т.б.) есіңе түсір.

Атауларында берілген дыбыс кездесетін суреттерді сәйкес әріппен жабу.

*Тапсырма:* кеспелі әліппе әріптер ішінен сөздің басында (аяғында) тұрған дыбысқа сәйкес әріпті табу, сөзді жазу.

Балалардың сөйлеу белсенділігінің төмендігін, олардың сөйлеу реакцияларының беріктігін жоғарылату үшін сөйлеуге байланысты қимыл реакцияларды (допты лақтыру, арнайы жаттығуларда белгіленген ырғақты басу) пайдалану тиімді.

Логопедиялық жұмыстың кез келген сатысында балалардың белсенділігін ұйымдастыру, назар аудару мен есте сақтаудың барлық түрлерін кеңейту, сөйлеудің лексикалық қорын және грамматикалық құрылымын дамыту міндеттері шешілді.

### **1.3 ЛЕКСИКАЛЫҚ – ГРАММАТИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫ**

Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен лексикалық деңгейде түзету жұмысын оқушылардың сөздік қорының көлемін анықтаудан бастау керек.

Лексикалық деңгейдегі жұмыстың негізгі міндеттері:

1. Сөздік қордың сандық өсуі (жаңа сөздерді және оның мағынасын меңгеру есебі бойынша);

2. Сөздік қордың сапалық жағынан молайту (мағыналық және эмоционалды реңктегі сөздер мағынасының, тасымалданатын маңызы бар сөздер мен сөз тіркестерін меңгеру арқылы);

3. Сөздік қорды бұрмаланған және жаргон сөздерден тазарту.

Оқушылар сөздерді буындық және морфемалық талдау мен синтездеуге жаттығады; синоним, антоним және омоним сияқты сөздерді меңгереді. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытудың негізгі жолы дидактикалық

ойындарды, тапсырмаларды, жаттығуларды қолдану. Жұмыс нәтижесінде балалардың сөздік қоры дамып, еңжар сөздік қорындағы сөздер белсенді сөздігіне ауысу керек, балалар бағдарламадағы лексикалық тақырыптар аясындағы сөздердің барлық мағыналарын түсіну қажет және оларды еркін сөйлеуде қолдана білуі тиіс.

Балалармен жүргізілетін лексиканы дамыту жұмысы лексикалық сөз қорын кеңейтуге ғана емес, сондай-ақ әр баланың қабылдаған сөзі оның өзіне тән жалпылау дәрежесінде үйренуіне бағытталуы тиіс. Сондықтан, сөздік жұмысының маңызды бағыттардың бірі – балаларды мағынасы бойынша сөздерді жалпылауға үйрету.

Көп мағыналы сөздерді қолдануды үйрету – сөздік жұмысының тағы бір маңызды бөлімі. Оның мақсаты – баланың сөйлеу тілін дамытып, тілдің мүмкіндіктерін толыққанды қолдануды жетілдіру. Сонымен қатар, көп мағыналы сөздің мазмұндық байлығын ашып қарастыру сөздің дыбыстық жағын, сөздің дұрыс айтуын бекіте түседі, синоним және антоним қатынастарын дұрыс түсінуге көмектеседі.

Жалпы алғанда, сөздің мағынасын түсіну үшін оның синоним және антоним сөздерін табу секілді тапсырмалар тәжірибеде сирек қолданады. Алайда, мұндай жұмысты ерте жастан бастаған жөн, яғни сөздік қорының сапалық жағына жұмыстың ең басты сатыларынан көңіл бөледі. Осы кезден-ақ бастап, келесі мақсаттарды қояды:

1. сөздің мағынасын дұрыс түсінуді үйрету;
2. синоним және антоним сөздердің сөздік қорын кеңейту;
3. сөздерді дұрыс қолдануды, бір-бірімен мағыналық жағына байланыстыра алуды жаттықтыру;
4. балалардың сөйлеу тілінде сын есім мен етістік сөз таптарын белсендіру.

Бала өз сөйлеу және когнитивті дамуының белгілі деңгейінде ғана лексикалық бірліктерді мағыналық қатынастар бойынша саналы түрде топтастыра алады. Сондықтан да жұмыстың екінші кезеңде шамамен - сөздер арасындағы мағыналық қатынастардың күрделілеу түрлерін орната білу қабілетін қалыптастыруды көздейді: түбірлес сөздер, мағынасы бірдей сөздер, мағынасы қарама-қарсы сөздер, сөздің көп мағыналығы.

Бұл кезеңде әр түрлі әдістерді қолданады - сөздік әдістер (әңгімелесу, мазмұндау, түсіндіру, көркем мәтінді оқу, жаттау, әңгімелеу, әңгімелету), көрнекілік әдістер (саяхат, заттар мен суреттерді, айналаны бақылау, теледидар, компьютер материалдары), дидактикалық ойындар әдісі, тірек-сызбалар әдісі.

Сөздік жұмыстардың жетекші мазмұны жалпылаудың тегі мен түрлерін, жалпылауды білдіретін сөздерді түсініп қолдану болып табылады. Бұл жаста балалар заттарды салыстыруды, басты белгілерін табу, осылардың негізінде заттарды топтарға бөлу іскерліктерін меңгереді. Заттарды өздеріне

тән белгілері бойынша біріктіру қабілеттерін меңгереді. Сөздердің ұғымдық мазмұнын меңгеру балаларға сөздердің ауыспалы, басқаша айтылған мағынадағы сөздерді түсініп, қолданудағы жаңа деңгейге өтуге мүмкіндік береді. Балалардың сөздік қоры түрлі сөз таптарына (зат есім, етістік, сын есім, үстеу) қатысты сөздермен байыту; заттардың бөліктерін (көйлек пен жейденің – жеңі, жағасы, түймелері) ажыратып, атай білуге үйрету; сөздік қорын заттардың қасиеттері мен сапасын (көлемі, түсі, пішіні, қандай материалдан жасалғаны және не үшін керектігі) білдіретін сөздермен толықтыру; адамдардың мамандықтарын білдіретін - зат есіммен, еңбек әрекетін білдіретін - етістікпен, үстеумен, шылаулармен байыту; заттарды топтастыруға, оларды атай білуге үйрету және жалпы жинақтау түсінігін білдіретін сөздерді сөздік қорына енгізу. Сонымен қатар, балалардың сөздік қорына қарама-қарсы мағыналы сөздер - антонимдерді (үлкен-кіші, жақсы-жаман, мейірімді-мейірімсіз, алыс-жақын) енгізу; заттың орнын білдіретін сөздермен таныстыру; тәулік бөліктерін білдіретін сөздерді енгізу және адамдардың көңіл күйін (көңілді, мұңлы, мейірімді) білдіретін сөздерді қолдануға үйрету.

Балалардың сөздік қорын дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің ішінен ең тиімдісі – ойын әдісі. Сөздік қорды дамытуға бағытталған логопедиялық жұмысында да ойын әдісі ең негізгі орын алады. Ойын барысында бала сөйлеу қарым-қатынасқа қызыға түседі және ол сөйлеуден жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына жағымды ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Логопед танымдық, дамытушы ойындарды және арнайы жаттығуларды сабақтың мазмұнына қарай таңдайды. Әрине мұнда да балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Ойын арқылы балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Ойын ұйымдастыруда логопед өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, ойынға қызықтыра отырып, балалардың зейінін, қиялын, есте сақтауын дамытады.

Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен лексикалық деңгейде түзету жұмысы жеке жүргізілмейтіндіктен, лексикалық-грамматикалық, лексикалық-синтаксистік деңгейде жүргізілетін оқу-тақырыптық жоспарының мүмкін болатын нұсқаларын қарастырамыз.

Лексикалық-грамматикалық деңгейде түзету жұмысы. Баланың сөздік қорында бар сөздердің мағынасын нақтылау; ары қарай сөздік қорына жаңа сөздерді енгізу арқылы молайту; сөз өзгерту, сөз жасамды белсенді түрде қолдануға үйрету. Түсініктер: зат есім, етістік, сын есім. Мектеп жасындағы



жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен лексикалық-грамматикалық деңгейде түзету жұмысының оқу-тақырыптық жоспарына келесі тақырыптарды алуға болады: Сөздік қорын кеңейту. Синонимдер. Антонимдер. Омонимдер. Сөздің құрылымы. Түбір сөздер. Екпін. Жалғау, жұрнақ. Сөздің құрылымы туралы білімдерді жалпылау.

Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен лексикалық-синтаксистік деңгейде түзету жұмысының оқу-тақырыптық жоспарына келесі тақырыптарды алуға болады:

Тілдік талдау-жинақтауды дамыту:

1) сөйлемнің құрылымын талдауды дамыту:

- сөйлемді жеке сөздерге бөлу, оның санын анықтау.
- графикалық схемаға сәйкес сөйлем ойлап табу.
- сөйлемнің графикалық схемасын құрастыру.
- сөйлемнен берілген сөздің орнын табу.

2) буындық талдау-жинақтауды дамыту:

- буындық схема бойынша сөзді буындарға бөлу.
- графикалық схемаға сәйкес бірнеше сөзді іріктеу.
- берілген сөздерге графикалық схема құрастыру.
- бірінші (соңғы, ортаңғы) буынмен бірнеше сөз ойлап табу.

3) дыбыстық талдау-жинақтауды дамыту:

- сөздегі дыбыс санын анықтау.
- сөздегі дыбыстардың кезектілігін анықтау.
- сөздегі дыбыстардың орнын анықтау.
- төрт (үш, бес, алты) дыбыстан тұратын сөз ойлап табу.
- ретсіз берілген дыбыстардан сөз құрастыру.
- берілген сөзге бірінші дыбысты қосу арқылы жаңа сөз құрастыру.
- берілген сөздің дыбыстарынан жаңа сөз құрастыру.

Логопед алдымен балаларды сөздің синонимия мен антонимия құбылыстарымен таныстырады. «Түбірлес сөз» түсінігімен таныстыру жүргізіледі. Түбірлес сөздер іріктеу біліктері дамытылады. Түбірлес сөздермен таныстыру. Бір түбірлі және түбірлес сөздерді ажырату. Сөздік қорын сөзжасам дағдыларын дамыту арқылы толықтыру.

Осы деңгейде сөздің морфемді құрамымен таныстыру жүргізіледі: түбір, жұрнақ, жалғау, күрделі сөздер. Оқушылар жұрнақтар көмегімен, екі түбірді қосу, қоссөздер арқылы жаңа сөздер жасауға үйренеді.

Балалардың мынадай түсініктері анықталып, дамытылады: сөз дыбыстардан құралады, дыбыстардан буындар құралады. Келесі кезекте оқушылар сөздің ырғақты бейнесіне, графикалық бейнесіне сүйеніп, кейіннен дауыстылардың буынжасаушы рөлін ескере отырып, сөздің буындық құрамын меңгереді. Осы кезеңде логопед сөздегі дауысты дыбыстарды (екпінді, екпінсіз) анықтауға аса назар аударады.

Диграфиясы бар оқушылардың сөйлеу тілінің барлық компоненттерін

(дыбыс айтуы, фонематикалық процестері, грамматикалық құрылымы және байланыстырып сөйлеуі) тексеру кезінде сөздік қорының артта қалуы анықталады.

Аталған оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде сөздің әртүрлі таптарында сөз өзгертудегі көптеген қателері кездеседі (аграмматизмдер); сөзжасаудағы практикалық білік, дағдылары жетілмегендігі байқалады (кейбір оқушыларды сөз шығармашылығы басылмайды – балалар неологизмдеріне әкелетін сөз жасағандағы кез келген морфемаларды орынсыз қолдану).

Дисграфиясы бар оқушылардың байланыстырып сөйлеу тілі сөздік қоры мен грамматикалық жағының жетілмеуімен қатар дамымаған болып келеді. Өз бетімен әңгіме құрау, сюжетті сурет немесе суреттер сериясы бойынша әңгіме құрастыруда оқушылар қиналады.

#### *Зат есім сөздерді өзгерту*

Зат есімдердің жекеше және көпше түрлерін жасау білігін қалыптастыру.

Зат есімдермен сөзжасау, сөзөзгерту дағдыларын жетілдіруге бағытталған практикалық жұмыстар жүргізіледі. Зат есімдердің септіктерімен танысу.

Қасиеттерді, заттың белгілерін білдіретін сөздермен танысу.

Танысқан сөздерді сызба арқылы белгілеу. Зат есім сөздерді септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларды үйлестіру арқылы сөзөзгерту дағдыларын жетілдіру.

Іс-әрекет- сөздермен танысу. Сабақта танысқан сөздерді сызба арқылы белгілеу. Етістіктерді септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларды үйлестіру арқылы сөз өзгерту дағдыларын жетілдіру. Түзету жұмысы сөйлем деңгейінде де жүргізіледі. Оқушылар сөйлемді графикалық сызбалармен сәйкестендіріп үйренеді. Әртүрлі сөйлемдерді құрастыру бойынша жұмыс жүргізіледі. Күрделі сөйлемдерде себепті-салды байланыстарды орнату. Сөз тіркесі-сөйлем-мәтін түсініктерін ажырату жұмысы жүргізіледі. Деформацияланған сөйлем, мәтіндермен жұмыс жүргізіледі.

Әдеттегідей, тіл кемістігі бар балаларға арналған сынып оқушыларында дисграфия таза түрінде сирек кездеседі, сондықтан тақырыптық жоспар құрған кезде дисграфияның түрі, оның салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары ескерілуі тиіс.

#### 1.4 СИНТАКСИСТІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Синтаксис – грамматиканың көлемді құраушы бөлігі. Синтаксис жүйесінің ішкі құраушылары – сөз тіркесі синтаксисі және сөйлем синтаксисі. Сөйлем синтаксисінің құраушылары – жай сөйлем синтаксисі және құрмалас сөйлем синтаксисі. Мәтін синтаксисі. Қатысымдық синтаксис мәселесі.

Сауатты жазу үшін әдістемелік қағидаларды білу маңызды:

а) грамматикалық қағида – тыныс белгілерін грамматикалық ережелер негізінде қою. Ол үшін сөйлемнің құрылымы мен құрамын ауызша талдай білу шарт.

ә) мағыналық қағида – сөйлемнің тыныс белгісін синтаксистік категориялардың мағынасына сәйкес қою.

б) интонациялық қағида – сөйлемнің тыныс белгісін синтаксистік категориялардың сазына, нақышына келтіріліп, айтылуына, естілуіне қарай қою. Бұл принцип, біріншіден, тыныс белгілерін дұрыс жазу арқылы оқушылардың ойлауын дамытады; екіншіден, тілдің ішкі заңдылықтарын терең түсінуге мүмкіндік жасайды; үшіншіден, әдеби тілдің нормасына сай дұрыс сөйлеуге баулиды.

Сабақ барысындағы жаттығу жұмысы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар оқушылардың қандай тілдік материалмен жұмыс жасауына қарай фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, т.б. бөлініп бөлінеді.

Қазақ тілінің синтаксис материалдары үш салаға ажыратылып оқытылады:

- 1) сөз тіркесі синтаксисі;
- 2) жай сөйлем синтаксисі;
- 3) құрмалас сөйлем синтаксисі.

тілге оқыту барысында сауатты жазу үшін, оқушыларға берілетін жазба жұмыстарын дұрыс жоспарлаудың маңызы зор. Алдымен синтаксис туралы түсінік беріледі, содан кейін сөйлемнің мағынасына қарай сөйлемнің түрлері төмендегі тәртіппен оқытылады: хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті сөйлемдер. Сөз тіркесі синтаксисінің тақырыптарын оқыту тәртібі: сөз тіркестерінің құрылысы мен грамматикалық мағынасы, күрделі сөздер мен тұрақты тіркестер. Сөздердің байланысу түрлерін оқыту тәртібі: қиысу, меңгеру, матасу, қабысу және жанасу.

Жазба жұмыстарына жататындар:

1. жазбаша жаттығулар;
2. жазбаша бақылау диктанты;
3. мәтін құрастыру.

Сауатты жазуға үйрету жұмысы негізінен грамматикаға сүйенеді. Мектепте грамматиканы оқыту неғұрлым жақсы жолға қойылса, оқушылардың

сауаттылығы да солғұрлым жоғары болады. Олай болса, белгілі бір жазу ережесіне негіз болатын грамматикалық құбылыстар саналы түрде ұғындырылып, содан кейін ғана қорытынды шығарылуы қажет. Мұнда ережені мәніне түсінбей, құр жаттап алудан сақ болған жөн. Мұғалім тіл құбылыстары мен жазу ережелерін анық етіп түсіндіріп, оқушыларға сол ережелер мен қосымша аралығында да (бас-шы, башшы емес), сөз шекарасында да (боз құнан, бозғұнан емес) біріккен сөздерде де (Үмбетбай, Үмбетпай) емес сақталып жазылатындығын ұғындыру қажет.

Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен синтаксистік деңгейде сауатты жазуға үйрету әдіс-тәсілдері:

- тыныс белгілерінен алған теориялық білімін жаттығу жұмыстарды орындату арқылы дағдыға айналдыру;

- тыныс белгілерін дұрыс қойып жазуға жаттықтыратын өнімді жұмыс түрлерінің бірі, пунктуациялық талдау және мұғалім оқыған сөйлемді жазғанда, қандай тыныс белгілерін қою керектігі туралы ережені игерту;

- сөйлемнің мағынасы мен интонациясына қарай, оқушыларға белгілі бір сөзден кейін қоюға тиісті тыныс белгісін жазғызу;

- тыныс белгісін жатқа қою (жатпаған өлеңді немесе әңгімені тыныс белгісін қойып жазғызу);

- жай сөйлемнің мүшелерін немесе құрмалас сөйлемнен оның белгілі бір компонентін тапқызып, олардан соң қойылатын тыныс белгісін қойғызу;

- тыныс белгісі қойылмай жазылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қойғызу;

- белгілі бір ережеге сай мысалды ойлап, айтқызып, дәлелдету;

- тірек сөздерді ендіріп сөйлемдер құрау, тыныс белгісін қойғызу;

- сызба бойынша сөйлем құрастыру;

- картина бойынша сөйлемдер құрап, жаздыру;

- диктант, мазмұндама, шығарма жазу және т.б.

Синтаксистік жаттығуларға сөз тіркесі, жай сөйлем түрлері, құрамалас сөйлем түрлері мен пунктуацияға байланысты жаттығулар жатады. Оқушылардың осы бөлімдерден алған білімін бекіту мақсатында жүргізілетін жаттығуларға қойылатын талаптар:

1. белгілі бір жаттығуды орындау үшін, оқушыларда оны орындай алатындай білім, біліктің болуы;

2. жаттығу орындау - оқушының тілге қызығушылығын, ынтасын, ықыласын арттыруға бағытталуы;

3. жаттығу кездейсоқ болмай, белгілі бір жүйемен орындалуы;

4. оқушылар жаттығу орындауда не жасау керектігін, оның қандай пайдасы барлығын түсініп орындауы;

5. жаттығу жұмыстарының тек өтілген материалдарға ғана байланысты болмай, бұрын өтілген материалдарды да қайталауға мүмкіндік туғызуы;

6. оқушылардың жас мөлшеріне сай, жаттығу орындау барысын уақытқа шақтап, үнемі талап мақсатына қарай түрлендіріп отыру;

7. өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру;

8. шығармашылықты талап ететін жаттығулардың көбірек болуы.

Дисграфияның негізгі белгісі (симптоматикасы) жазуда кездесетін тұрақты және қайталанып отыратын ерекше қателер болып табылады. Ондай қателерді төмендегідей топтастыруға болады: әріптерді алмастыру және шатастыру, сөздің дыбыстық, буындық құрамының бұзылуы, сөйлемде сөздердің бірге жазылуы, аграмматизмдер.

«Сөйлем» (И.А. Садовникова) деңгейіндегі қателерге аграмматизмдер деп аталатын қателер жағады, яғни:

- сөйлем мүшелерінің байланысының бұзылуы;

- септік жалғауларды дұрыс пайдалана алмауы;

- сөйлемнің шегін дұрыс айырмау.

Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысының мақсаты: оқушылардың сауаттылық деңгейін анықтау; қатемен жұмыс жүргізу; жазудағы қателердің алдын алу. Бастауыш сыныптарда түзете-дамыта оқытудың жан-жақтылығы, бейімділігі, ауқымдылығы, дамытушылығы, қолжетімділігі сияқты қағидалары арнайы білім беру үрдісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп, оның сапасын жоғарлатады.

Тілге оқыту барысында түзете-дамыта оқытудың сипаты:

1) оқушылар жеке ерекшеліктеріне байланысты топтарға бөлінеді және жеке тапсырмаларды орындайды (демек, түзете-дамыта оқыту – саралап оқытудың құрамдас бөлігі болып табылады);

2) белгілі бір деңгейде өзіндік жұмыстарды орындау арқылы, оқушылардың оқу іс-әрекеті түзетіледі, дамытылады;

3) түзете-дамыта оқыту білім беруші мен білім алушының арасындағы қарым-қатынас барысында жүзеге асады. Сондықтан, бұл жағдайда оқушылардың өзіндік жұмыстарының үлесін ұлғайту, өз білімін жетілдіруді және зерттеушілік біліктілігін дамыту арқылы оқу іс-әрекетінің сипатын өзгерту маңызды болып табылады.

Сауатты жазу дағдысы емле ережелерін жақсы меңгеруге байланысты қалыптасады. Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар бастауыш сынып оқушылары емле ережелерін өз бетімен емес, мұғалімнің көмегімен үйрету нәтижесінде ұғынады. Орфография зерттейтін объектілерге:

1. әріптердің жазылу емлесі;

2. түбір мен қосымшалардың қолданылу жолдары;

4. сөздің бөлек-бөлек, не бірігіп, я дефис арқылы жазылу емлесі;

5. қысқарған сөздердің жазылу емлесі;

6. бас әріптердің қолданылуы мен жазылуы;

7. сөздің тасымалдану жолдары;
8. шылау сөздердің жазылу емлесі және т.б.

Мектеп бағдарламасы бойынша бұл орфограммалар бастауыш сыныптарда түгелдей өтіледі. Бірінші сынып оқушылары қазақ тілі пәні құрамында әріптердің және бас әріптердің жазылуын, сөздердің тасымалдану тәртібін, түбір сөздің жазылуы мен сөйлемдегі сөздердің бір-бірінен бөлек жазылатынын оқып, практикалық жаттығулар орындау арқылы дұрыс жазу дағдысын қалыптастыра бастайды.

Мұғалім кейбір оқушыларға тән қателерді теріп тізбектейді, соның нәтижесінде әрбір оқушы мен бүкіл сыныптың үлгерімі жөнінде тұтас карта жасалады. Мұғалім балалардың қате жіберу себептерін анықтап отырады. Оларға:

- 1) оқушының ережені білмеуі (кезінде түсінбеген немесе ұмытып қалуы);
- 2) ережені біледі, бірақ оны жазуда дұрыс қолдана алмауы, яғни ережені жазуда қолдану дағдысының қалыптаспауы;
- 3) ережелерді алмастырыуы, шатастыруы;
- 4) жазғанның мағынасына (не жазып отырғанына түсінбейді) түсінбей, зейін қоймай, механикалық түрде әрекет етуі;
- 5) кейбір дыбыстарды қате естуі немесе қате айтуы, өзін-өзі бақылай алмауы.

«Сөз тіркесі» тақырыптары бойынша жаттығулардың негізгі міндеттері:

- оқушылардың сөйлеу тілінің нормаларын меңгеруде аграмматизмнің алдын алу және еңсеру;
- сөз тіркесінің нормаларын меңгеру;
- сөйлем құрау;
- сөз тіркесі және байланыстырып сөйлеуді дамытуда оқушыларға синтаксистік конструкциялардың мағыналарын синоним, антоним, омонимдердің көмегімен таныстыру;

«Сөз тіркесі» бөлімінің тақырыптары бойынша жаттығулардың (жұмыс түрлерінің) мақсаты: сөйлем сөздерден тұратынын (құралатынын) көрсету; сөйлемдегі сөздердің саны мен реттілігін анықтауға жаттықтыру; сөйлемдегі сөздерді бөлек-бөлек жазу үшін, сөйлемнің схемасын жасау; сөйлемдегі сөздердің қиысуының қажеттілігі мен маңыздылығын көрсету.

Қазақ тілі бойынша талдаудың түрлері:

- 1) фонетикалық талдау;
- 2) лексикалық талдау;
- 3) морфологиялық талдау;
- 4) синтаксистік талдау, т.б.

Солардың бірі синтаксистік талдау әдісі теориялық-практикалық жақтан үйрету әдістеріне жатады. Бұл көбінесе қазақ тілінің синтаксис бөлімін (са-

ласын) өтумен байланысты қарастырылады. Мектепте аса көп жүргізілетін әдіс - осы синтаксистік талдау әдісі.

Синтаксистік талдау жаңа материалды түсіндіру кезінде, біріккен (аралас) сабақ барысында, бекіту, қайталау үрдісінде және тексеру сабақтарында жүргізіледі. Ол өзінің мазмұнына қарай екіге бөлінеді:

1. жай сөйлем бойынша талдау;
2. құрамалас сөйлем бойынша талдау.

Синтаксистік талдау жүргізгенде схемалар, кестелер, карточкалы дәптерлерді пайдалануға болады. Синтаксистік талдау құрылымдарының элементтері:

1. мәтін, сөйлем тандау;
2. мәтін мен сөйлемді дауыстап оқу;
3. мәтін мен сөйлемді тақтаға, не дәптерге жазу;
4. талдау жұмысын жүргізу:

а) жай сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелеріне талдау.

ә) құрамалас сөйлем компоненттерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындау.

б) жай сөйлем мен құрамалас сөйлемнің тыныс белгілерін қою, дәлелдеу.

5. мәтіннің мазмұнын дұрыс түсініп, орфографиялық, пунктуациялық ережелерге сәйкес сауатты жазуға машықтандыру;

6. деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында, лингвистикалық материалды жүйелі меңгеру және қолдана білу дәрежесін анықтау;

7. шығармашылық тапсырма арқылы қазақ тілі, оқу және тіл дамыту сабақтарынан алған білімдерін байланыстырып, қорытынды жасай білу машықтарын тексеру;

«Сөйлем» тақырыптары бойынша жұмыс түрлері:

- «Сөйлемді қалпына келтіріп жазу»;
- «Сөйлем құрастырып жазу»;
- «Түсіп қалған сөзді қойып, жазу»;
- «Сөйлемді аяқта» жаттығулары сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық жақтарын дамытуға арналған. Ол балаға сөздер мен сөйлем арасындағы мағыналық және грамматикалық байланысты қоюға жаттықтырады;

• «Сөйлем» диктанты.

«Мәтін»:

- «Мазмұндама»;
- «Шығарма»;

Сөйлем мүшелерін оқытуда қолданылатын әдістер:

- сөйлем моделін қолдану;
- сөйлем моделін түсіндіретін кестелерді қолдану;
- оқушыны модель бойынша сөйлем құрастыруға жаттықтыру;
- сөйлем түрлерімен байланысты жаттығулар қолдану;
- тірек сөздер, сөз тіркестерін пайдалану;
- мәтіндерді пайдалану;

- мақал-мәтел, жаңылтпаштарды жатқа жазу;

- модель бойынша диалог құрастыру.

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушыларға (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда) «Қазақ тілі» пәнін оқытуда жазылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

1. тақтада сөздің лексикалық мағынасына түсінік беру;

2. сөздердің дұрыс жазылуын (орфографиялық нормаларды) менгерту;

3. мәтіннен сөздерді, сөйлемдерді, қысқа үзінділерді көшіріп жаздыру;

4. сөзден сөйлемдер, сөйлемдерден мәтін құрастырып жазу;

5. сурет бойынша мәтін құрастырып жазу;

6. «Тығымаш» жаттығуы арқылы сөзге дыбыстық талдау жасау;

7. стимулды материалды таңдауға байланысты (суреттер, аудио) фонемды қабылдауын жан-жақты дамыту;

8. «Мозайка» жаттығуы сөздің жазылуын тануға және сөзді тұтас оқуға үйретеді. Еске сақтау мен қабылдауды түзетеді.

Тілдік жаттығуларды жазбаша түрде орындау мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың жазбаша тілін дамытудың алғы шарттары. Диктант түрлері жазбаша тілдің негізгі шартты белгісінің бірі болып саналады. Грамматикалық материалдарды оқыту оқушының коммуникативтік жолмен тіл үйренуімен тығыз байланысты. Соған сәйкес мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың білімі әр бағытта анықталады:

- оның коммуникативтік (қарым-қатынастық) маңызына;

- грамматикалық сауаттылығына;

- өлкетанушылық материалдарды игеру деңгейлеріне қарай;

Мектепте оқитын балалардың қазақ тілі пәнінен білімін бағалау негізінен, екі түрлі шартқа байланысты. Біріншіден, түсінгенін дұрыс айта білуі (сөйлемді дұрыс құрастыру, жеке дыбыстарды, буынды, сөзді, сөз тіркестерін дұрыс оқу). Екіншіден, тақтадан, кітаптан мұғалімнің айтқанынан сөз, сөз тіркестерді, сөйлемдерді сауатты көшіре білу. Сондықтан, жазба жұмысы сабақ сайын (барлық сыныптарда) жүйелі өткізілу тиімді болмақ.

Қандай болмасын пәнді оқу үшін, негізгі жазылым дағдыларына назар аударуы қажет.

1-сыныпта оқушыларда дамытылатын негізгі жазылым дағдылары:

- қаламды ұстаудан бастап, қарапайым сөйлемдерді ұқыптап жазу, тақырыптарды, сөздерді, графиктерд, диаграммаларды, кішкентай және бас әріптерді пайдалануға дейін қарапайым тыныс белгілерін (нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі), орфографиялық және грамматикалық ережелерді пайдалану дағдылары. Жазылым дағдыларын (құрылымы, грамматика, тыныс белгілері және т.б.) дамытуға назар аудару.



2-4-сыныптарда оқушыларда дамытылатын негізгі жазылым дағдылары:

- тиісті лексика мен таныстырылым тәсілдерін пайдалана отырып, мәтіндердің әралуан түрлері мен стильдерін құрылымдау (жоспарлайды) және жазу;

- шығармашылық жұмыс үшін және естіген немесе оқыған материалды қорыту үшін жазылым дағдыларын пайдалану;

- мәтіндерді салыстыру;

- орфографиялық, грамматикалық және тыныс белгілері ережелерін қолдану;

- мәтіндерді құрастыру және түзету үшін, тіл туралы білімін пайдалану. Шығармашылық дағдыларын дамытуға назар аудару.

2-4-сыныптарда оқушылар: шығармашылық жұмыс жазуда өзінің оқу, тіл дамыту бойынша білімін пайдаланады және әдеби туындыларын басқа нысанда, мысалы, сурет, анимация түрінде ұсынады.

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныбы үшін «Қазақ тілі» пәнінің «Жазылым» бөлімі бойынша меңгерілетін дағдылары

2-4 сыныптар	
Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрлері)	Бөлімше (дағды)
Жазылым	Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу
	Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу
	Пунктуациялық нормаларды сақтау
	Каллиграфиялық нормаларды сақтау

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныбы үшін «Қазақ тілі» пәнінің «Жазылым» бөлімі бойынша оқу мақсаттары

Бөлімше (дағды)	Оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	тірек сөздер арқылы мәтін құрастыру	көмекші сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу	оқиғаларды сурет түрінде ұсыну

Тыңдаған/ оқыған материалдың мазмұнын жазу	оқыған немесе тыңдаған/ тыңдау- көру материалда- ры бойынша сөз тіркестерін жазу, сөйлем құрау	оқыған немесе тыңдаған/ тыңдау- көру материалдары бойынша шағын мәтін жазу	оқыған немесе тыңдаған/ тыңдау- көру материалдардың мазмұнын жазу
Пунктуациялық нор- маларды сақтау	мұғалімнің көмегімен сөйлемдердің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану	өз бетінше сөйлемдердің соңында қойылатын тыныс белгілерін ажырата қолдану	мәтін құрастыруда сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану, және олардың себебін түсіндіру
Каллиграфиялық нормаларды сақтау	әріптерді дұрыс, түзу, және әдемі жазу	кең жолды дәптерге жазуда қажетті ережелерді сақтау, каллиграфиялық нормаларды сақтау	каллиграфиялық дағдыларын жетілдіру

Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалар сөз тіркестерін, сөздерді ауызша, жазбаша дұрыс қолданып, дыбыстарды меңгеріп, дұрыс сөйлеп, сауатты жазу мақсатында 2-4 сыныптарда сабақ сайын (келешекте 5-11 сыныптарда аптасына бір рет) жеке сөз, сөз тіркестері, сөйлемдерді пайдаланып, түрлі диктант жұмыстарын жүргізуді дағдыға айналдырған жөн. Онда мұғалім диктант мәтінін алдымен оқып шығып, таныс емес сөздерді түсіндіреді. Соңынан әр сөйлемді екі-үш рет қайталап оқып, оқушыларға жазғызады. Арнайы (түзету) мектебінде 2-4 сыныптарында төмендегі диктант түрлерін өткізуге болады:

1. *Әріп диктанты.* Мақсаты – қазақ тілінің дыбыстары мен әріптерін дұрыс меңгеріп, олардың айырмашылықтарын ерекшеліктерін білу.

2. *Буын диктанты.* Бұл оқушыға буынның жасалу жолдарын меңгеруге көмегін тигізеді.

3. *Сөз диктанты.* Мақсаты – сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға сөздің белгілі ұғымды білдіретін мағынасы болатынын түсіндіру.

4. *Сөйлем диктанты.* Мақсаты – сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға сөйлем түрлерімен таныстырып, оны өз беттерінше құра білуге дағдыландыру.

5. *Көру диктанты.* Мақсаты – сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың көріп, есте сақтау қабілетін дамыту арқылы қазақ тіліндегі сөздерді сауатты жазуға үйрету.

6. *Сөздік диктанты.* Оқушылар өтілген мәтіннің немесе суреттің мазмұнын, оқыған, кітаптан көрген оқиғалары жайында жазады.

7. *Терме диктанты.* Оқушылар мәтінді толық жазбай, мұғалім оқып тұрған мәтіннен әркім өздеріне берілген тапсырмаға лайықты ережелері бар сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді теріп жазады.

8. *Ескерту диктанты.* Оқушылар түсініксіз сөз, сөз тіркестерін бір-біріне сұрақ қою арқылы қайталап, естеріне түсіреді. Қиын сөздердің қалай жазылатынын барлық оқушылардың қатысуымен анықтап алып, соңынан жазады.

9. *Шығармашылық диктанты.* Диктанттың бұл түріне сөйлем мүшелерінің орын тәртібі бұзылып, шашыранды сөз түрінде берілген мәтіндер алынады. Бұл сөздердің әр тобынан оқушылар өздігінен сөйлем құрастырады.

10. *Бақылау диктанты.* Барлық сыныптарды оқушылардың білімі мен сауаттылығын тексеру мақсатында өткізіледі. Диктанттың бұл түрі белгілі бір тақырып өтілгеннен кейін әр тоқсанның соңында жүргізіледі.

Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы (түзету) мектебінде қазақ тілі пәні бойынша диктант өткізуге 2-4 сыныптарда 5-15 минут бөліну қажет.

«Қазақ тілі» пәні бойынша қойылатын нормативтер:  
(жазба жұмыс көлемі)

Сынып	Жазылым			
	Сөздік диктант	Диктант	Мазмұндама мәтін көлемі	Шығарма
2	5-7 сөз	20-25 сөз	20-30 сөз	20-25 сөз
3	9-12 сөз	35-50 сөз	30-40 сөз	35-40 сөз
4	12-15 сөз	55-70 сөз	50-60 сөз	45-55 сөз

Түрлі тақырып, сурет бойынша жоспар құру, тірек сөздердің көмегімен әңгіме құрастыру, естіген, оқыған мәтіндері негізінде түсінгенін айту (жазу) секілді жұмыстар барлық сыныптарда жүргізіледі. Ал мәтіндер бойынша мазмұндама, шығарма жазу бастауыш кезеңінде (2- сыныптан) бастап, жоғарғы сыныптарға дейін үзбей, үнемі өткізілген жағдайда ғана оқушы дұрыс оқып, оқығанына (естігеніне) түсініп, сауатты жазуға дағдыланатын болады.

Талдау әдістері арқылы білімді меңгерту, практикалық дағдыны қалыптастыру қажет. Талдау әдістерінің материалдары – дидактикалық материалдар болып есептеледі. Олар екі топқа жіктеледі:

*теориялық материалдар:* тақырыптың термині, анықтамасы, ережелері, өзіндік ерекшеліктері;

*практикалық материалдар:* сөздер, сөйлемдер, мәтіндер, фразалар, нақыл сөздер.

Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға арналған синтаксистік деңгейдегі орындауға арналған жұмыс түрлері

Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысының мақсаты: оқушылардың сауаттылық деңгейін анықтау; қатемен жұмыс жүргізу; жазудағы қателердің алдын алу.

Сөйлемнің грамматикалық құрылымын дұрыс құрауға жаттықтыру.

1) Тақтаға заттық суреттер ілінеді: [Тышқан] [ ? ] [ірімшік]

Балалар ауызша үш сөзден тұратын сөйлем құрауы керек. Мысалы: Тышқан ірімшікті ұнатады. Содан оқушылар сөйлемді ауызша қайталайды да, дәптерлерінде сөйлемді бір ұзын жолақпен сызады (мұғалім — тақтада сызып көрсетеді). Сөйлем қанша сөзден тұратындығы талқыланады. Сұлбада да сөздер қысқа сызықтармен белгіленеді. Балалар мұғалімнің көрсетуімен, сөздерді іріктеп екінші, үшінші, бірінші деп атайды (суреттерді пайдалануға болады).

2) Мұғалім сюжетті суреттер көрсетеді: «Бала кітап оқиды»; «Қыз қозыны қуалады», «Қоян сәбіз жейді». Балалар әрбір суретке байланысты сөйлем құрайды. Оқушылар әр сөйлемдегі сөздердің саны мен реттілігін анықтайды, сұлбадан нақты сөзді табады. Схема бойынша сөйлемді құрастырады, оқиды, жазады.

3) Бұдан әрі оқушылар - қайда? қалай? қашан? деген сұрақтарды қатыстырып, жайылма сөйлем құрауға жаттығады (сюжеттік сурет бойынша.)

4) Мұғалім тақтадағы жазуды оқып, оны түсіндіреді:

серуендеу — жеке сөз ретінде әр кезде ойды толық жеткізбейді;

серуендеу, балалар, егістік — грамматикалық нормалар бойынша бір-бірімен байланысы жоқ сөздердің қатары сөйлем болып табылмайды;

серуендеді, егістік, балалар — ретсіз жазылған сөздер қатары да ойды жеткізбейді;

Балалар егістікте серуендеді — бұл сөйлем. Ол аяқталған ойды білдіретін, тілдің грамматикалық нормаларына сәйкес сөздерден құралған.

5) Берілген қатардағы сөздерден сөйлем құрастыру: түтін, шығады, құбырдан, жаңғақтарды, тиін, тығады, қуысқа.

6) Мұғалім Ә. Дәуренбектің «Балапаным балдырған» атты өлең шумақтарын тындауды ұсынады. Оқушылар сөйлемдегі бірінші сөздің бас әріппен жазылатындығын, әрі сөйлемнің соңында тыныс белгілері қойылатынын есінде сақтайды.

Балапаным-балдырған.

Жаралдың ба жаңбырдан?

Асам дейсің сан қырдан.

Жарылқасын алдыңнан.

Ботақаным- бөбегім.

Босамасын көгенің.

Жақсы көрсең атаңды,

Жаттап алғын өлеңін.

7) Дара, күрделі етістіктерді екі бағанға бөліп жаз.

Барды, алды, ойнап жүр, кірді, ойлап отыр, келіп тұрады, көрді, ұйықтап жатыр, салып отыр.

Дара етістік Күрделі етістік

8) Болымсыз етістіктердің астын сыз.

Ал, сызба, жаз, сөйле, отырма, сөйлеме, кел, үзбе, сұрама, жыла, кес.

9) Көп нүктенің орнына көптік жалғауларын қойып, сөйлем құраңдар.

Күн ..., аязды, көп

10) Көп нүктенің орнына тиісті етістіктерді жаз.

- Орманда биік ағаштар.....

- Әсет қолын сабынмен .....

- Үсен ағасын мерекемен.....

- Дәурен дойбыдан жарысқа.....

11) «Қамқорлық» (мәтін беріледі)

Аулада биік емен ағашы бар. Ағашқа көктемде құстар ұя салатын. Таңертең жанбыр жауды. Жел тұрды. Емен теңселе ырғалды. Ұялардың бірі құлағалы тұр. Балапандардың аянышты дауысы естіледі. Сайран биік еменге өрмелеп шықты. Ұяны жайлы орынға көшірді.

Тапсырма

1. Бірінші сөйлемді мүшелеріне қарай талдап, мағыналық, құрамдық түрін көрсет.

2. «Ұлпанға көрсеткен қошемет» тіркесіне морфологиялық талдау жаса.

3. Мәтіннен синоним, антоним, омоним сөздерді теріп ал.

12) «Кеш» (мәтін беріледі)

Кеш түсті. Түн қараңғы. Ай сәулесінен жер бетіне жарық түседі. Құстардың үні басылды. Аңдардың да дауысы естілмейді. Тауықтар мен үйректер де ұйұыға кірісті. Қой мен сиырлар да шырт ұйқыда. Тек бақалар ғана бақылдайды.

Тапсырма

Әр оқушыға мәтіннің ішінен бір сөйлем бөліп беріп, оған синтаксистік талдау жасау (сөйлем мүшелеріне талдау, тіркестік қатынастардың байланысын ажырату).

Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың жазу жұмыстарын бағалау

Оқу жетістіктерін бағалау нормалары:

«Бағалау нормалары» білім алушылардың білім, білік-дағдыларына

қойылатын талаптардың бірдей болуын қамтамасыз етуді талап етеді. Бағалау нормаларында мыналар белгіленеді:

1) қазақ тілінің ауызша және жазбаша формаларының әр түрлі жақтарын меңгеруді бағалаудың бірыңғай көрсеткіштері (орфографиялық және пунктуациялық сауаттылық, байланыстырып сөйлеуін ресімдеу, сөздің мазмұнын бағалау);

2) білімді, білік және дағдыларын бағалаудың бірыңғай нормативтері;

3) әр түрлі бақылау жұмыстарының көлемі;

4) түрлі бақылау жұмыстарына қойылатын бағалар саны (диктантта бір әріптің орнына екінші бір әріпті жазса, әріпті қалдырып кетсе, басы артық әріптерді ауыстырып жазса, осылардың әрқайсысы бір қате болып есептелінеді. Бір сөзді бірнеше жерде қате жазса, ол бір қате болып саналады).

### **Әрбір сынып соңында оқушылар төмендегідей нәтижелер көрсетуі тиіс:**

Оқушылар **1 сынып** соңында мыналарды игеруі тиіс:

- оқушылар дыбыстарды айтуда және естігенде ажырата алуы;
- сөздерді дыбыстық құрамына талдауды;
- дауысты дыбыстар санына қарай сөздегі буындар санын анықтауды, сөздерді буынға бөлуді, тасымалдауды;
- дауысты және дауыссыз дыбыстарды, ызың дыбыстарды, екпінді және екпін түспейтін дыбыстарды ажыратуды;
- қолжазбаны және терілген мәтінді толығымен және сөз тіркестерімен жазуды;
- күнделікті өмірде сөйлеу мәдениетінің нормалары мен қарым- қатынас ережесін сақтауды;
- мәтінге сүйеніп, қорытынды жасай алуы;

Оқушылар **2 сынып** соңында мыналарды игеруі тиіс:

- сөйлемдерді, сөздерді, сөз тіркестерін ажыратуды;
- сөздерді дыбыстық құрамына талдауды;
- сөйлем құрауды, мәтіннен сөйлемдерді бөліп алуы, сөйлемдердің бұзылған ретін қалпына келтіруді;
- ұқсас сөздерді топтастыруды, сөздерді құрамына қарай талдауды;
- сөйлемдер мен мәтіндерді естіп жазуды;
- сөздерді бүтін, дұрыс оқуды;
- сөйлемдер арасында кідіріс сақтауды, логикалық екпінді, қажетті интонацияны сақтауды;
- оқығанының сұрақтарына жауап беруді;
- мәтін кейіпкерлеріне және жағдаяттарға өз ойын айта білуді;

- қызығушылығына сай тақырыптар туралы ауызша айта білуді;

Оқушылар **3 сынып** соңында мыналарды игеруі тиіс:

- сөздерге талдау жасауды;
- акустикалық ұқсастығына сай дыбыстарды жіктеуді;
- сөзге түбірлес сөздерді табуды;
- сөзжасам мен сөз түрлендіруді дағдыларын;
- әртүрлі сөз таптарына синонимдер мен антонимдер қоюды;
- жалғауларды жіктеуді;
- салалас сөйлем құруды;
- мәтіндегі әңгіменің тақырыбын, жүйелілігін және байланысын анықтауды;
- байланыстырып айту жоспарын құруды;

Оқушылар **4 сынып** соңында мыналарды игеруі тиіс:

- сөздің морфологиялық құрамы туралы толық түсініктермен байланысты дұрыс жазу емлесіне құрылған негіз болуы тиіс;

- қазақ тілі мен ана тілінің дыбыстарын сипаттауды: екпінді/екпін түспейтін, қатаң/жұмсақ дауыссыздар, жұп және жалқы дауыссыздар, ұяң және қатаң дыбыстар, ұяң және қатаң жұп және жалқы дыбыстар;

- біртүбірлі сөздер мен сөздердің формасын ажыратуды;
- сөздердегі жұрнақ пен жалғауларды табуды;
- сөйлемдегі негізгі және қосалқы мүшелерді табуды;
- күнделікті өмірде сөйлеу мәдениетінің нормалары мен қарым- қатынас ережесін сақтауды;
- мәтінді нақтылай және ауызша, жазбаша мазмұндауды;
- мәтіннің әртүрлі бөліктеріндегі ақпараттарды жалпылауды;
- сұрақтарға жауап бере отырып қысқаша мәтін құрауды.

Логопедиялық жұмыс мазмұнын жоғарыда көрсетілген мақсат, міндеттерге сәйкес жүргізген жағдайда жас ерекшеліктеріне сәйкес тіл жүйесінің (ауызша және жазбаша) жағдайы жетіледі, сонымен қоса жазбаша сөйлеу тілі бұзылған оқушылардың психофизикалық процестері түзеліп тілдің коммуникативті қызметінің жетілуіне, мектепте үлгеріміне оң ықпал етеді.

## II ЛОГОПЕДТИҢ ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУ

### 2.1 КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

Ауызша және жазбаша сөйлеу бұзылуының алдын алу бойынша

Сынып: 1 «Ә» №1,2,3 топ (1 топта – 4 – 6 МШ оқушы)

Мұғалім-логопед: Әбдраимова Г.Б.

Сағат саны: барлығы 93сағат; әр топта аптасына 1 сағат

Жоспарлау Б.Е.Текішеваның жұмыс бағдарламасы негізінде жасалды. Педагогикалық кеңестің 2018 жылғы "30" тамыздағы № 1 шешімімен бекітілген

#### 1-сынып оқушыларымен 2018-2019 оқу жылына логопедиялық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспары (СТЖД, ФФЖ, ФФТЖ)

**Мақсаты:** сенсомоторлы функцияларды, мектепте оқуға қарым-қатынастық дайындығы психологиялық алғышарттарын дамыту және жетілдіру.

№	Күні	Сабақ тақырыбы	Жұмыс мазмұны Міндеттері Жұмыс түрлері, ойындар мен жаттығулар
Диагностикалық кезең (1 - 15 қыркүйек)			
1	Ауызша және жазбаша сөйлеу тілін диагностикалау. Мектепке дайындығының деңгейі.	Ауызша және жазбаша тілді қалыптастырудағы кемшіліктердің анықталуы	Жеке диагностика
Дайындық кезеңі			
2	Балалардың тіл мүмкіндіктерін нақтылау. Тіл емлесі	1. Жалпы тілдік дағдыларды дамыту 2. Физиологиялық және тілдік дем алу түсініктерімен танысу. 3. Тіл екіні түсінігімен танысу. 4. Интонация түсінігімен танысу. 5. Тіл емлесімен танысу.	1. Ойындар: «Қалампыр», «Көбелек», «Кімнің құсы ұзақ ұшады» және т.б. 2. «Орманда», «Катяны оятпа». 3. Жаңылтпаштар. 4. «Маша мен аю». 5. «Әртүрлі интонациямен айту».



3	Д ы б ы с т а р әлемінде. Қоршаған орта дыбыстары.	1. Жалпы физикалық естуін дамыту. Тыңдай алу және есту. 2. Қоршаған ортадағы дыбы- старды ажырата алу дағдысы.	1. «Бөлмелер дыбысы», «көшелер дыбысы», «Ас бөлме дыбыстары» т.б. 2. «Не естілді?» (заттар), «Кім қандай дыбыс шығарады?» (жа- нуарлар), «Табиғат дыбыста- ры».
4	Артикуляциялық мүшелерді дамытуға арналған жаттығулар кешені.	Жалпы тілдік дағдыларды дамыту. 2. Физиологиялық және тілдік дем алу түсініктерімен танысу. 3. Тіл екпіні түсінігімен танысу. 4. Интонация түсінігімен танысу. 5. Тіл емлесімен танысу.	1. «Түтік жасау» жаттығуы. 2. «Ауызды кең ашу». 3. «Тісті тазалау» жаттығуы.
5	Дем алуға арналған жаттығулар	1. Жалпы физикалық естуін дамыту. Тыңдай алу және есту. 2. Қоршаған ортадағы дыбы- старды ажырата алу дағдысы.	1. «Шарды үрле» - Балалар ұртымен шар үрлейді. 2. «Шамды үрле» - Ауа ағымына қарай ерінді түтік тәрізді калыпқа келтіреді. 3. «Терезеге үрле » жаттығуы.
6	Мимика – артикуляциялық аппаратқа арналған гимнастика	1. Жалпы тілдік дағдыларды дамыту. 2. Физиологиялық және тілдік дем алу түсініктерімен танысу. 3. Тіл екпіні түсінігімен танысу. 4. Интонация түсінігімен танысу. 5. Тіл емлесімен танысу.	Күштік гимнастика: а) түтікпен жаттығулар; б) ұртына ауа толтырып, мүмкіндігінше ауыз қуысында ауаны ұстап тұру; в) ернімен қарандашты, әйнек түтіккі ұстап тұру;
7	Ерін және бет, ауыз қуысы гимнасти- касы	1. Жалпы физикалық естуін дамыту. Тыңдай алу және есту. 2. Қоршаған ортадағы дыбы- старды ажырата алу дағдысы.	Күштік гимнастика: а) түтікпен жаттығулар; б) ұртына ауа толтырып, мүмкіндігінше ауыз қуысында ауаны ұстап тұру; в) ернімен қарандашты, әйнек түтіккі ұстап тұру.
8	Тіл дыбыстары.. Тілдік және тілдік емес дыбыстар түсінігін жіктеу.	1. Тіл дыбыстары мен қоршаған орта дыбыстарын ажырата білу.	1. «Ненің дыбысы естілді?» 2. «Кім айтты?», «Дауысынан таны».

9	Артикуляциялық мүшемен танысу. Артикуляциялық гимнастика.	1. Артикуляциялық аппараттың орналасуымен танысу. 2. Жалпы артикуляциялық аппарат гимнастикаларын жасақтау.	1. Айнамен және профильмен жұмыс істеу. 2. Артикуляциялық жаттығулар.
10	Дем алу. Дем алу жаттығулары. Дыбыс жасалу. Дыбыстық гимнастика.	1. Дем шығару жаттығулары. Дем шығару күшін дамыту. 2. Ауызбен және мұрынмен дем алып, дем шығаруды жіктеу. 3. Дауыс тембрі және модуляциясы. түсініктерімен танысу. 4. Дауыс күші түсінігімен танысу.	1. «Шамды үрле», «Футбол», «Кемелер», «Келесі кім?». 2. Жаттығулар: «Мұрын», «Мұрын - ауыз», «Ауыз – мұрын», «Ауыз – ауыз». 3. Есеппен демді ұстап тұру. 4. Дыбыс модуляциясымен орындалатын жаттығулар: «Катяны ұйықтатамыз», «Орманда!».
11	Жалпы моторика. Сөзбен қимыл.	1. Жалпы моторикасын және қимылдардың бағдарын дамыту.	1. Өртүрлі бағыттағы жүру мен марштар. Әуен ырғағына қозғалу ойындары. 2. Доппен ойындар. 3. Ми гимнастикасы: «Митетіктері», «Ақылды қимылдар», «Еріншек сегіздер», «Тоғысқан қимылдар» 4. «Өлеңдерді қолмен айт».
12	Ұсақ моторика. Саусақ гимнастикасы.	1. Жалпы моторикасын және қимылдардың бағдарын дамыту.	1. Саусақ гимнастикасы. 2. Заттармен орындалатын саусақ гимнастикасы. 3. Өртүрлі заттармен орындалатын ойындар мен жаттығулар.
13	Естіп қабылдау және зейін. Фонематикалық есту. Вербальды жады.	Естіп қабылдау және зейінін дамыту. Фонематикалық естуді дамыту. Вербальды жадыны дамыту.	1. «Кім айтқанын тап?», «Екпінді қайтала», «Қайда қонырау шалдыңыз?». 2. «Сөзді айт» 3. «Сөзді ата», «Дыбысты тап», «Сөздегі дыбыстың орнын тап». 4. «Есте сақта және қайтала», «Сөз байланысы» «Не өзгерді?», «Қайтала және толықтыр».
14	Көріп қабылдау, зейін және жады. Логикалық ойлау.	Көріп қабылдау, зейін және жадыны дамыту. Логикалық ойлауын дамыту.	1. «Не өзгерді?», «Фигураны аяқта», «Неге ұқсайды?» 2. «Есте сақта және бейнеле» 3. Сериялық картиналар және лотолармен орындалатын ойындар мен жаттығулар.

15	Көру-кеңістіктік және уақыттық түсініктер. Көру-моторлы координация. Графикалық жаттығу.	1. Балалардың көру, кеңістіктік және уақыттық түсініктерін дамыту. 2. Көру-моторлы координациясын дамыту. 3. Балалардың графикалық-моторлы дағдыларын дамыту.	1. Өрнектер, кедергілер салу. 2. Графикалық диктанттар. 3. «Қимылды қайтала» (қасында тұрып), «Мен сияқты жаса» (қарама-қарсы тұрып). 4. «Жыл бойы», «Кеше, бүгін, ертең», «Танертең, түс, кеш, түн» және т.б. 5. «Төрт нүкте» қарындашпен басқа да ойындар.
16	Сөйлем	Тіл және сөйлем. Сөйлем құрудағы жаттығулар. Сөйлем және сөз. Сөйлемдердегі сөздердің байланысы. «Сөз» және «сөйлем» түсініктерінің жіктелуі. Сөйлемдердің грамматикалық негізі.	Сөйлемдегі негізгі сөздерді бөліп алуға жаттығулар. Өңгімеден сөйлемдерді бөліп алуға арналған жаттығулар.
17	Дыбыстар мен әріптер	Дыбыс – әріптік анализ бен синтездің дамуы.	Дыбыстар мен әріптер. Алфавит.
18	Дауыссыз және дауыстылар	А, о, у, ы, и дауысты дыбыстарын анықтау	Дауысты дыбыстар және әріптер. Дауыссыз дыбыстар және әріптер.
19	Дыбыстық-әріптік талдау мен жинақтау. Екпін.	Дыбыстық-әріптік талдау мен жинақтауды дамыту	Жаттығу: «буын» ұғымы; дауыстының сөз тудырудағы ролі; күрделі сөздегі дыбыстық-әріптік анализ және синтез.
20	Дауыссыздар. Қатаң және ұяң дауыссыздарды ажырату.	Дыбыстық-әріптік талдау мен жинақтауды дамыту А, о, у, ы, и дауысты дыбыстарын анықтау	Қатаң және ұяң дауыссыздарды ажыратуға арналған жаттығулар
21	Қатаң- ұяң, үнді дыбыстарды ажырату	Дыбыстық-әріптік талдау мен жинақтауды дамыту Ә, і, ү, ұ, ө дауысты дыбыстарын анықтау	Ауызша және жазбаша сөйлеуде буындарда, сөздерде, сөйлемдерде дыбыстарды ажыратуға арналған жаттығу.
22	Ысқырық және ызың дыбыстарды ажырату	Дыбыстық-әріптік талдау мен жинақтауды дамыту А, о, у, ы, и дауысты дыбыстарын анықтау	Ауызша және жазбаша сөйлеуде буындарда, сөздерде, сөйлемдерде дыбыстарды ажыратуға арналған жаттығу.
23	Африкаттарды ажырату	Дыбыстық-әріптік талдау мен жинақтауды дамыту Ә, і, ү, ұ, ө дауысты дыбыстарын анықтау	Ауызша және жазбаша сөйлеуде буындарда, сөздерде, сөйлемдерде дыбыстарды ажыратуға арналған жаттығу.
24	Сонорларды ажырату	Дыбыстық-әріптік талдау мен жинақтауды дамыту Ә, і, ү, ұ, ө дауысты дыбыстарын анықтау	Ауызша және жазбаша сөйлеуде буындарда, сөздерде, сөйлемдерде дыбыстарды ажыратуға арналған жаттығу.

25	Сөз құрамы. Сөзжасам	1.Сөздің түбірін бөлу дағдыларын қалыптастыру. 2.»Дауыссыз дауыстар» тақырыбын меңгеру.	Түбірлес сөздерді таңдауда және түбірін бөлуге арналған жаттығулар. Түбірлес сөздерді таңдау дағдыларын қалыптастырудағы жаттығу
26	Сөз өзгерту. Сөздерді үйлестіру	Сөз өзгерту: жіктік, тәуелдік, көптік септік жалғауларды қолдану.	Сөз өзгерту: жіктік, тәуелдік, көптік септік жалғауларды қолдану.
27	Шылау	Шылаулар және оларды сөйлеуде қолдану туралы жалпы түсінік қалыптастыру.	Шылауларды бөлуге арналған жаттығу.
28	Сөйлем	Сөздің мағыналық мәнін қалыптастыру. Сөйлеммен сөйлеу бірлігі ретінде танысу.	Затты сипаттау кезінде бейнелі сөздерді қолданудағы жаттығу. Сөйлемдегі басты сөздерді бөлу және оларға сұрақтар қою жаттығулары.
29	Мәгін	Сұраққа жазбаша жауап беруді үйрету	Баяндау жоспарын құруға арналған жаттығу. Баяндау жоспарын өз бетінше құрастыруға арналған жаттығу
30	Қорытынды тексеру жұмысы	Меңгерілген білімді бағалау	Тексеру диктанты
<b>Диагностикалық кезең (15-30 мамыр)</b>			
31	Ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің диагностикасы. Мектепке дайындық деңгейі	Ауызша және жазбаша сөйлеуіндегі кемшіліктерді анықтау	Жеке диагностика

**2-сынып оқушыларымен 2018-2019 оқу жылына логопедиялық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспары (СТЖД, ФФЖ, ФФТЖ)**

№ п/п	Күні	Сабақ тақырыбы	Ескертулер
<b>Тақырып I: Сөйлем</b>			
1		Сөйлеу және сөйлем. Сөйлем құрауға арналған жаттығу.	
2		Сөйлем және сөз. Сөйлемдегі сөздердің байланысы. "Сөз" - "сөйлем" ұғымдарының айырмашылығы.	
3		Сөйлемнің грамматикалық негізі. Сөйлемде негізгі сөздерді ерекшелеуге арналған жаттығулар.	
4		Әңгімеден сөйлемді ерекшелеуге арналған жаттығу.	

		<b>Тақырып II: Дыбыстар мен әріптер</b>	
		Дыбыстар мен әріптер. Әліпби.	
<b>Тақырып III: Дауысты және дауыссыздар</b> <b>Дауыстыларды анықтау: а, о, у, ы, и</b>			
5		Дауысты дыбыстар және әріптер.	
6		Дауыссыз дыбыстар мен әріптер.	
7		А,ә дауысты дыбыстарын анықтау	
8		Ө,о дауысты дыбыстарын анықтау	
9		У,ұ,ү дауысты дыбыстарын анықтау	
10		Ы, і дауысты дыбыстарын анықтау	
11		и дауысты дыбысын анықтау	
<b>Тақырып IV - V: Дыбыстық-әріптік талдау және жинақтау. Буындық талдау және жинақтау. Екпін.</b>			
12		«Буын» ұғымы. Сөз тудырудағы дауысты дыбыстың маңызы.	
13		Күрделі сөздердегі дыбыстық-әріптік талдау мен жинақтау.	
14		Бір дауыстыдан тұратын буындық құрамын екі буыннан тұратын сөздерге талдау және жинақтау жасау. Екпін. Сөздерді тасымалдау.	
15		Бір дауыстыдан тұратын буындық құрамын үш буыннан тұратын сөздерге талдау және жинақтау жасау. Екпін. Сөздерді тасымалдау.	
16		Бір дауыстыдан тұратын буындық құрамын төрт буыннан тұратын сөздерге талдау және жинақтау жасау. Екпін. Сөздерді тасымалдау.	
17		Әртүрлі буындық құрамы бар сөздерді буындық және дыбыстық-әріптік талдау. Екпін. Сөздерді тасымалдау.	
<b>Тақырып VI: Дауыссыздар</b> <b>VI. I Қатаң және ұяң дауыссыздарды ажырату</b>			
18		I және II қатардағы дауыстылар. I және II қатардағы дауыстылардың алдындағы қатаң және ұяң дауыссыздар. Жұмсақтықты белгілеудің бірінші тәсілі.	
19		I және II қатардағы дауыстылардың алдындағы қатаң және ұяң дауыссыздар. Қатаң және ұяң дауыссыздарды ажыратуға арналған жаттығу.	
20		«ы – и» дауыстыларының алдындағы қатаң және ұяң дауыссыздар.	
21		«а - я» дауыстыларының алдындағы қатаң және ұяң дауыссыздар.	

22		«о - ё» дауыстыларының алдындағы қатаң және ұяң дауыссыздар. «у – ю» дауыстыларының алдындағы қатаң және ұяң дауыссыздар.	
23		«о - у» дауыстыларын ажырату. «ё-ю» дауыстыларын ажырату.	
24		Қ,ғ дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктері.	
25		Ң,һ дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктері.	
26		Екінші қатардағы дауыстыларды ажырату.	Бұл тақырып-тар қажет бол-ған жағдайда беріледі, мысалы, басқа дауыстылар жұбы үшін: «е - я».
27		Дауыссыз дыбыстардың жіңішкелігін белгілейтін белгі.	
28		Бөлгіш жіңішкелік белгісі.	
29		Өткен тақырып бойынша материалды бекітуге арналған жаттығулар.	
30		«Ұяң және қатаң дауыссыздарды ажырату» тақырып бойынша білім мен іскерлікті тексеру. Диктант.	Тексеру жұмыстарының нұс-қасы: диктант, карточка бойынша өзіндік жұмыс, тестілік жұмыс
<b>VI. 2 Қатаң және ұяң дауыссыздарды ажырату</b>			
31		[б], [б'] дыбыстары, «Б» әріпі.	
32		Ауызша және жазбаша сөйлеуінде, буында, сөздер, сөйлемдерде [Б] - [В] дауыссыздарын ажыратуға арналған жаттығу.	
33		Өткен тақырып бойынша білімді бекіту және нақтылау. Тексеру жұмысы.	
34		[в], [в'] дыбыстары, «В» әріпі.	
35		Ауызша және жазбаша сөйлеуінде, буында, сөздер, сөйлемдерде [В] - [П] дауыссыздарын ажыратуға арналған жаттығу.	
36		Өткен тақырып бойынша білімді бекіту және нақтылау. Тексеру жұмысы.	
37		[г], [г'] дыбыстары, «Г» «Ғ» әріпі.	
38		[к], [к'] дыбыстары, «К» «Қ» әріпі.	
39		Ауызша және жазбаша сөйлеуде [Г] - [К] қатаң және ұяң дауыссыздарын ажырату.	
40		[х], [х'] дыбыстары, «Х» әріпі.	
41		Ауызша және жазбаша сөйлеуде [Г]-[К]-[Х], [Ғ]-[Қ]-[Х] -[һ] айырмашылығы.	

42		[д], [д'] дыбыстары, «Д» әріпі.	
43		[т], [т'] дыбыстары, «Т» әріпі.	
44		[ж] дыбыстары, «Ж» әріпі.	
45		[ш] дыбыстары, «Ш» әріпі.	
46		Ауызша және жазбаша сөйлеуде [Ж]-[Ш] айырмашылығы.	
47		[з], [з'] дыбыстары, «З» әріпі. [с], [с'] дыбыстары, «С» әріпі.	
48		Ауызша және жазбаша сөйлеуде [З]-[С] айырмашылығы	
49		Ң, қ дыбыстары	
50		Ауызша және жазбаша сөйлеуде [Н]-[Ң] айырмашылығы	
51		Ауызша және жазбаша сөйлеуде [Ж]-[З] айырмашылығы.	
52		Ауызша және жазбаша сөйлеуде [С]-[Ш] айырмашылығы.	
53		[щ] дыбысы, «Щ» әріпі.	
54		Ауызша және жазбаша сөйлеуде [Щ]-[С'] айырмашылығы.	
55		[ч] дыбысы, Ч әріпі.	
56		[ц] дыбысы, Ц әріпі.	
57		Ауызша және жазбаша сөйлеуде [Ч]-[Ц] айырмашылығы.	
<b>VI. 4 Африкат айырмашылығы</b>			
58		Ауызша және жазбаша сөйлеуінде, буында, сөздер, сөйлемдерде [Ч] - [Т'] дауыссыздарын ажырату	
59		Ауызша және жазбаша сөйлеуінде, буында, сөздер, сөйлемдерде [Ч] - [Щ] дауыссыздарын ажырату	
60		Ауызша және жазбаша сөйлеуінде, буында, сөздер, сөйлемдерде [Ц] - [С] дауыссыздарын ажырату	
<b>VI. 5 Соноларды ажырату</b>			
61		[р], [р'] дыбыстары, «Р» әріпі.	
62		[л], [л'] дыбыстары, «Л» әріпі.	
63		Ауызша және жазбаша сөйлеуде [Р] - [Л] ажырату.	
64		Өткен тақырып бойынша білімді бекіту және нақтылау. Тексеру жұмысы.	
<b>Тақырып VII. Қорытынды тексеру жұмысы</b>			

65		Қорытынды диктант.	Жұмыстың әрбір кезеңінде сағат саны балалардың дайындық деңгейіне және олардың сөйлеу мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне байланысты.
66		Ауызша және жазбаша сөйлеудің диагностикасы	

**3-сынып оқушыларымен 2018-2019 оқу жылына логопедиялық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспары (СТЖД, ФФЖ, ФФТЖ)**

№ п/п	Күні	Сабақ тақырыбы	Ескертулер
<b>I тақырып: Сөздердің мағыналық мәнін меңгеру арқылы сөздік қорын нақтылау және кеңейту</b>			
		Сөйлеу және сөйлем. Сөйлем құрауға арналған жаттығу.	
		Сөйлем және сөз. Сөйлемдегі сөздердің байланысы. «Сөз» - «сөйлем» ұғымдарын ажырату.	
		Сөйлемнің грамматикалық негізі. Сөйлемде негізгі сөздерді ерекшелеу жаттығулары.	
		Өңгіменің ішінен сөйлемдерді ерекшелеуге арналған жаттығу.	
		Сөз. Сөздің мағынасы.	
		Біздің сөздегі бейнелі сөздер.	
		Затты сипаттаудағы бейнелі сөздерді қолдануға арналған жаттығу.	
		Сөздердің сөйлемдегі байланысы.	
		Синонимдер. Мағыналас сөздер: мағынасы жақын, бірақ жазылуы бөлек (түбір)	
		Антонимдер. Қарама-қарсы сөздер: қарама-қарсы мағынадағы сөздер.	
		Омонимдер. Жазылуы бірдей, мағынасы бөлек сөздер.	
		Көп мағыналы сөздер. Тура және ауыспалы мағынасы бар сөздер.	
		Берілген сөздерден сөйлем құрау. Сөйлем ішіндегі тұрлаусыз мүшелерге сұрақ қою.	



		Мағыналық байланысы жоқ сөйлемдермен жұмыс.	
		Тірек сөздер арқылы сөйлем құрау.	
<b>II тақырып: Сөз құрамы</b>			
<b>II.1 Сөзжасам</b>			
<b><i>Түбірлес сөздер. Түбір.</i></b>			
		Түбірлес сөздер. Түбір сөз.	
		Түбірлес сөздер мен түбірді анықтаудағы жаттығулар.	
		Түбірлес сөздерді анықтау дағдыларын қалыптастырудағы жаттығу.	
		Бір түбірлі сөздер. Түбірлес сөздер мен түбірді анықтаудағы жаттығулар	
		Сөздің түбірін анықтау дағдыларын қалыптастырудағы жаттығу.	
		Түбірлес сөздер және омоним түбірлес сөздер.	
		«Екпінсіз дауыстылар» тақырыбын меңгеруге дайындық жаттығулары.	
		Күрделі сөздер-екі түбірі бар және олардың арасындағы «о» немесе «е» дауысты жалғайтын сөздер.	
		Түбір мен күрделі сөздегі байланыстырушы дауысты дыбысты анықтауға арналған жаттығу.	
<b>Жұрнақ</b>			
		Жұрнақ туралы түсінік және оның сөйлемдегі қолданылуы.	
		Жұрнақты анықтауға арналған жаттығу.	
		Жұрнақ арқылы сөз құрау және оларды сөйлемде қолдануға арналған тапсырма.	
		Жұрнақтар, заттарға күшейтпелі және кішірейтпелі жұрнақтар.	
		Мамандық кәсіп иелерін білдіретін жұрнақтар.	
		Сын есімнің жұрнақтары.	
		Өткен шақтағы естістікке жұрнақтың дұрыс жалғануы.	
<b>II.2 Сөз өзгерту.</b>			
		Жалғау туралы түсінік және оның сөйлемдегі қолданылуы.	
		Жалғауды анықтауға арналған жаттығу.	
		Сөздің морфологиялық құрамы. Білімді бекіту.	
		Зат есімді жекеше және көпше түрде қолдану.	
		Зат есімді септеу.	
		Зат есімді жіктеу.	
		Зат есімді тәуелдеу.	

		Зат есім мен сын есімнің септік арқылы түрленуі.	
		Етістік пен зат есімнің көпше және жекеше түрде түрленуі.	
		Етістік пен зат есімнің шақтарға қарай түрленуі.	
<b>III тақырып: Шылау</b>			
		Шылау туралы түсінік және оның сөйлемдегі қолданылуы.	
		Шылауды анықтауға арналған жаттығу.	
		Кеңістікке қатысты сөздерді қолдану: алды, арты, жаны.	
		Кеңістікке қатысты сөздерді қолдану: үстінде, астында, жоғарысында	
		Кеңістікке қатысты сөздерді қолдану: ішінде, арасында	
		Кеңістікке қатысты сөздерді қолдану: жан жағында	
<b>VI тақырып: Қорытынды тексеру жұмысы</b>			
		Қорытынды диктант.	
		Ауызша және жазбаша сөйлеудің диагностикасы	

**4-сынып оқушыларымен 2018-2019 оқу жылына логопедиялық  
сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспары  
(СТЖД, ФФЖ, ФФТЖ)**

№ п/п	Күні	Сабақ тақырыбы	Ескертулер
<b>Тақырып I: Қайталау</b>			
1.		Қайталау. Мәтін. Сөйлем. Сөз. Буын.	
2.		Қайталау. Сөзді буынға бөлу.	
3.		Сөздерді тасымалдау ережелері.	
4.		Екпін.	
<b>II тақырып: Қайталау «Сөз құрамы»</b>			
5.		Түбір. Түбірлес сөздер.	
6.		Жұрнақ. Жұрнақтардың көмегімен жаңа сөздерді құру.	
7.		Жаңа сөздерді жасау.	
8.		Жалғау.	
9.		Құрамы бойынша сөздерді талдау. Морфемнен сөздерді құрастыру.	
10.		Түбірдегі және сөздің соңында кездесетін қатаң және ұян, үнді дауыссыздар.	
11.		Сөз түбірінде естілмей қалатын дауыссыздар.	

12.		Ъ және Ъ айырым белгілері	
13.		Қайталау. Мәтін. Сөйлем. Сөз. Буын.	
<b>III тақырып: Сөз таптары</b>			
14.		Зат есім. Зат есімнің көпше және жекеше түрде өзгеруі.	
15.		Зат есімнің атау септігінде жекеше және көпше түрде қолданылуы.	
16.		Зат есімнің атау және табыс септігінде жекеше және көпше түрде қолданылуы.	
17.		Зат есімнің атау және ілік септігінде жекеше және көпше түрде қолданылуы.	
18.		Зат есімнің барыс септігінде жекеше және көпше түрде қолданылуы.	
19.		Зат есімнің көмектес септігінде жекеше және көпше түрде қолданылуы.	
20.		Зат есімнің жатыс септігінде жекеше және көпше түрде қолданылуы.	
21.		Сын есім. Сын есімнің көпше және жекеше түрде өзгеруі.	
22.		Сын есімдердің өзгеруі.	
23.		Етістік. Сын есім мен етістіктің көпше және жекеше түрде өзгеруі.	
24.		Етістіктердің әрбір түрінің сөйлемдерде үйлесуі.	
25.		Осы және келер шақтағы етістіктің жақтар және жекеше, көпше түрде өзгеруі.	
26.		Өткен шақтағы етістіктің жекеше, көпше түрде өзгеруі.	
27.		Етістіктің түрлері.	
28.		Етістік пен зат есімнің жекеше, көпше түрде өзгеруі	
29.		Етістік пен зат есімнің шақ бойынша өзгеруі.	
<b>IV тақырып: Сөйлем</b>			
30.		Сөйлеу. Сөйлем сөйлеу бірлігі ретінде.	
31.		Сөз. Сөздің мағынасы.	
32.		Біздің сөйлеуіміздегі бейнелік сөздер	
33.		Затты сипаттаудағы бейнелі сөздерді қолдануға арналған жаттығу.	
34.		Сөздердің сөйлемдегі байланысы.	
35.		Сөйлемдегі сөздердің байланысын орнатуға арналған жаттығулары.	
36.		Берілген сөздер арқылы сөйлем құрау. Сөйлемдегі басты сөздерді табу және оларға сұрақтар қою жаттығулары.	

37.		Берілген сөздер арқылы сөйлем құрау. Сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелерді табу және оларға сұрақтар қою жаттығулары.	
38.		Мағыналық байланысы жоқ сөйлемдермен жұмыс.	
39.		Тірек сөздер арқылы сөйлем құрау.	
<b>V тақырып: Мәтін</b>			
40.		Дұрыс емес мағыналық тізбектегі берілген сөйлемдерден әңгіме құрау.	
41.		Мағыналық байланысы жоқ мәтінмен жұмыс. Мәтінді жекелеген сөйлемдерге бөлу.	
42.		Мәтінді жекелеген сөйлемдерге бөлуге арналған тапсырмалар.	
43.		Мағыналық байланысы жоқ сөйлемдермен мәтін құрау.	
44.		Мәтінді бөлу және атау қою.	
45.		Әңгіменің ерекшеленген бөлігіне арналған тапсырмалар және оған тақырып қою.	
46.		Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Сұраққа жазбаша жауап беру.	
47.		Сұраққа жазбаша жауап беруді үйрету.	
48.		Мазмұндамамен жұмыс. Мазмұндаманың жоспарын құру.	
49.		Мазмұндаманың жоспарын құруға арналған тапсырма.	
50.		Мазмұндаманың жоспарын өз бетімен құруға арналған тапсырма.	
51.		Өз бетімен құрған жоспар арқылы мазмұндама жазу.	
52.		Шығармамен жұмыс. Әңгіменің жоспарын құру.	
53.		Әңгімеге жоспар құру және шығарма жазуға арналған тапсырмалар.	
54.		Тірек сөздерді қолдану арқылы сурет бойыншы әңгіме құрау.	
55.		Берілген басы бойынша шығарма жазу.	
56.		Берілген соңы бойынша шығарма жазу.	
57.		Шығарма- баяндау жазу.	
58.		Сипаттама-шығарма жазу.	
59.		Шығарма- талдау жазу.	
60.		Қорытынды тексеру жұмысы.	Шығарма немесе мазмұндама
61.		Ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің диагностикасы	

## 2.2 ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР

БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры \_\_\_\_\_

№ жалпы білім беретін мектеп логопедінің  
жылдық жұмыс жоспары

**Мақсаты:** Ауызша және жазбаша сөйлеуінде бұзылысы бар балаларды анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесі мақсаттарды шешу керек:

- Бірінші сынып оқушыларының дыбысты айтуында, фонематикалық қабылдауы мен талдауында, сөйлеуді грамматикалық құруында, байланыстырып сөйлеуінде бұзушылығы бар оқушыларды анықтау.

- Бастауыш сынып оқушыларында ауызша және жазбаша бұзушылығын алдын алу мен жою бойынша коррекциялық жұмыстың жолдарын анықтау.

### Міндеттері:

- *Диагностикалық тексеріс;*
- *Логопедтік көмекке жүгінетін балаларға тіл кемшілігінде ақауы бар жасөспірімдерге көмек беру;*
- *Сынып жетекшілеріне логопедтік ақпарат беру.*

Жұмыстың мазмұны	Мақсаты	Әдісі	Орындалу мерзімі
Балалардың сөйлеу тілін тексеруді өткізу	Балалардың сөйлеу қабілеттілігінің тежеуін бақылау	Сөзді бейнелеп айту арқылы ойындар, жеке сабақ	04.09-15.09
Логопунктте тіркелген балаларды қайта терең тексеру	Л о г о п у н к т т е тіркелген балаларды қайта тексеру		18.09-22.09
Сөйлеу карталарын толтыру			26.09 дейін
Жұмыстың жеке жоспарын құрастыру			27.09-29.09
Дыбыстың айтылуын түзету және дәптер жүргізу	Дыбыстың айтылуын түзеу және д и н а м и к а с ы н байқау	Ж ұ м ы с т ы ң қорытындысын есепке алу	әр қашан
<b>II Балалармен жұмыс</b>			
Үйлестірілген қимылдарын массаж арқылы дамыту, артикуляциялық гимнастика жаттығулардың жиынтығын орындау		М а с с а ж , артикуляциялық гимнастиканың жиынтығы	күнде

Айтылған сөздерде дыбыстарды қою және машықтандыру	Дыбыстың айтылуын түзеу	Дидактикалық ойындар, жаттығулар	үнемі
Фонематикалық есту қабілетін дамыту, есту қабілетін байқау	Дыбыстық талдауын қалыптастыру	Сөздерді дыбыстық талдау, жүйелі буын құрылымын талдау	үнемі
Сөз тіркесін дамыту (әр қашан)	А й т ы л а т ы н сөйлемді дұрыс құрастыру, сөздерді келістіру, сөйлемді көбейте білу	Ойындар, әңгімелеу	күнде
Тақырыптар бойынша сөздікті жандандыру және кеңейту, анықтау	Кеңейту, сөздікті байыту	Оқу	күнде, үнемі
Сауаттылыққа үйрету: - сөздерді дыбыстық-әріптік талдау;- дыбыстардың нақты айтылуы мен буындарды қосып оқытудың тәсілдерін үйрету;- сөйлемнің грамматикалық қатарын дамыту- түсінікті, нақты-сөйлеп үйренуге тәрбиелеу	Қосып оқу	Сөздерді дыбыстық талдау, жүйелі буын құрылымын талдау	күнде
Жазбаша тілде грамматикалық жағын жетілдіру	Жазбаша тілде грамматикалық жағын жетілдіру: с ө з ж а с а м , сөз өзгерту, байланыстырып сөйлеуін дамыту	С ө з ж а с а м , сөз өзгерту, байланыстырып сөйлеуін дамыту әдістері	күнде
Дидактикалық ойындар мен жаттығулар арқылы жалпы және ұсақ моториканы дамыту	Қ о л д ы н саусақтарын ұсақ дифференциялық қимылдармен ынталандыру	Саусақтар гимнастикасы, ұсақ заттармен ойын	күнде
<b>III Ата-аналармен жұмыс</b>			
Ата-аналар жиналысында сөз сөйлеу: «Логопункт жұмысының мақсаты мен міндеті»	Педагогикалық білімдерді ата-аналар арасында тарату		қыркүйек
Ата-аналарға жеке кеңес беру: «Ата-аналар мен логопед арасында балалардың сөйлеу коррекциялы ақауларды бойынша ынтымақтастық»	Артикуляциялық жаттығуларды дұрыс орындау	Артикуляциялық жаттығуларды көрсету	қажет болған кезде
Жеке – дара дәптерін жүргізу	Жеке – дара жұмысты жоспарлау		күнде

«Қолдың саусақтырының ұсақ моторикамен дамыту арқылы тілді түзеу» тақырыбына семинар сабақтарын жүргізу және ұйымдастыру			қараша
Қозғалыс құжаттарын дайындау, кеңестер мен мектеп дейінгі тіл дамыту бойынша ата – аналарға сауалнама	Ата – аналарға балалардың тілін дұрыс тәрбиелеуге көмектесу		айына 1 рет
<b>IV Сынып жетекшілерімен жұмыс</b>			
Балалардың тіл дамуының тексеру талдауын өткізу. Сынып жетекшілерін логопунктқа тіркелген балалардың тілдік сараптамасымен таныстыру	Б а л а л а р д ы ң және сынып жетекшілерінің ақпараттарына еңгізу. (тілдік а қ а у л а р д ы ң суреттерін беру)		20.09 дейін
«Балалардың тілдік ақауларының профилактикасы» атты тақырыпқа кеңестер дайындау. «Мектепалды даярлық тобында балалардың дыбыс айтылуының коррекциялық жұмыс»		«Балалардың тілдік ақауларының профилактикасы»; « М е к т е п а л д ы даярлық тобында балалардың дыбыс айтылуын түзету жұмысы» атты тақырыпқа кеңестер дайындау	қазан
Сынып жетекшілерді жаңа әдістемелік әдебиеттермен таныстыру (логопедия бойынша)			үнемі
Логопед кабинетіндегі ақпараттық бұрыштаманы безендіру			қазан
Пед. кеңестердің, семинарлардың жұмыстарына қатысу			
<b>V Логопунктің жабдықталуы</b>			
Сөздікті байыту және жандандыру, нақтылау бойынша материалдарды (пәндік суреттер) бейнелеу	Л о г о п е д кабинетіндегі к ө р н е к і - д и д а к т и а л ы қ материалдарды жанарту	Лайықты атрибуттарды дайындап іріктеу	үнемі
Тіл кемістіктерін түзету және дамыту бойынша материалдарды сәйкестендіру (сюжеттік суреттер)		Кабинетке көрнекі-күрал жабдықтармен толықтырулар енгізу	Б а р л ы қ мерзім бойынша

Дыбыстарды айту коррекциялары бойынша мәліметтерді жинауды жалғастыру (ойыншықтар, дидактикалық ойындар)			үнемі
Әдістемелік әдебиеттерді толықтыру (сондай-ақ баспа орындармен)			үнемі
<b>VI Біліктік деңгейін жетілдіру</b>			
Логопедтердің қалалық секция жұмыстарына қатысу	Педагогикалық шеберлігін жоғарлату	семинарларға қатысу	жоспар бойынша
Сауаттылыққа үйрету, тіл дамыту бойынша даярлық топтарды фронталдық сабақтарға қатысу	Тіл дамыту бойынша бірлескен жұмысты түзету	семинарларға қатысу	айына 1рет
«Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту арқылы тілдің коррекциясы» атты өзін-өзі жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру		Сабақтар көрсету, семинарларға қатысу, атрибуттарды жасау	өзін-өзі жетілдіру жоспары бойынша
Логопедтің өзіндік білімін жетілдіру папкасын толықтыру	Логопедтің өзіндік білімін жетілдіру папкасын толықтыру мақсатында арнайы әдебиеттерге шолу, талдау жасап, материалдар іріктеу.	Логопедтің өзіндік білімін жетілдіру папкасын толықтыру мақсатында арнайы әдебиеттерге шолу, талдау, іріктеу.	



## 2.3 ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫНДА ЛОГОПЕДТІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК-КЕҢЕС БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында логопедиялық пункттің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Ережелер құрастырылған, оларға сай меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан логопедтік пункт қызметінің тәртібі белгіленеді.

Жалпы білім беретін мектептің логопедтік пунктіне ауызша және жазбаша сөйлеуінде (жалпы сөйлеу қабілеті дамымаған, фонетика-фонематикалық дамымауы, жазу мен оқу бұзылыстары, тұтықпа, сөйлеу тілінің дыбыс айту жағының бұзылуы (дислалия, дизартрия, ринология) әртүрлі бұзылыстары бар балалар қабылданады.

Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды логопедтік пунктке қабылдау үшін тексеру жыл бойы жүргізіледі. Мамырда бірінші сыныпқа баратын балаларды тексеру жүзеге асырылады. Сөйлеу қабілеті жеткіліксіз балалар сөйлеу кемістігіне байланысты кейін топтармен шағын топтарға бөлу үшін тізімге тіркеледі. Логопедтік пунктке қабылданған әрбір балаға сөйлеу картасы толтырылады. Логопедтік жұмысты ұйымдастырудың негізгі нысаны топтық (шағын топтық) сабақтар болып табылады. Топқа бірдей балалар таңдалып алынады.

Әртүрлі жастағы балаларды топтарға жинақтау мынандай:

1. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған ( ЖСТД);
2. ЖСТД-на байланысты оқу мен жазу бұзылыстары бар;
3. Фонетикалық-фонематикалық жағы жетілмегендер (ФФЖ);
4. ФФЖ-ға байланысты оқу мен жазу бұзылыстары бар;
5. Тұтықпасы бар;
6. Дыбысты айту кемшіліктерімен.

*Мұғалім-логопедтің кәсіби міндеттері:*

Мұғалім-логопед болып дефектологиялық білімі («логопедия» мамандығы, қайта даярлық курсынан өткен жағдайдағы «олигофренопедагог» пен «сурдопедагог»), «логопедия» мамандығы бойынша қайта даярлықтан міндетті түрде өткен «орыс (қазақ) тілі мен әдебиеті мұғалімі», «бастауыш сыныптарының мұғалімі» мамандығы бойынша жоғары білімі бар тұлғалар тағайындалады.

Мұғалім-логопед жалпы білім беретін мекемелер мұғалімдер үшін белгіленген тәртіпке сай тағайындалады және жұмыстан босатылады.

Мұғалім-логопед балалардың сөйлеу бұзылыстарын уақытылы анықтауға, пунктті жинақтауға, түзете оқытудың сапасына жауап береді.

*Мұғалім-логопедтің міндеттері:*

1. ауызша және жазбаша сөйлеу қабілетінің кемшіліктерін түзету бойынша балаларға сабақ жүргізуі және біріншілік кемістікке байланысты үлгермеудің алдын алуға жәрдемдесу;

2. сөйлеу бұзылыстарына байланысты үлгермеушілік мәселелері бойынша педагогтар мен ата – аналарға (заңды өкілдерге) нұсқаулар беру;

3. логопедтік ункттерге баратын балалармен жұмысiстейтiн педагогтармен жүйелі түрдегі байланысты жүзеге асыру;

4. мектепке дейiнгi мекемелермен, жалпы бiлiм беретiн мектептермен, сөйлеу тiл кемiстiктерi бар балаларға арналған мектептермен, логопедтермен, балалар емханаларының дәрігер-мамандарымен, ПМПК, оңалту орталықтарының, психологиялық –педагогикалық түзету кабинеттерінің дәрігер мамандарымен байланысты жүзеге асыру;

5. бiлiм беру саласындағы қызметкерлер, ата –аналар арасында логопедтiк

бiлiм жөнiнде насихат жүргiзу, логопедтiк жұмыстың мiндеттерi, мазмұны, нәтижесi, сөйлеу бұзылыстары бар мектеп оқушыларының үлгермеушiлiгiнiң алдын –алу және болдырмау жөнiндегi логопедтiк түзету жұмысының ерекшелiгi туралы баяндамалармен педагогикалық кеңестермен ата-аналар (заңды өкiлдер) жиналыстарында сөз сөйлеуi;

6. мұғалiм -логопедтердiң, (аудандық, қалалық) әдiстемелiк бiрлестiктердiң жұмысына қатысуы;

7. бiлiм беру мекемесiнiң әкiмшiлiгiне жыл сайын логопедтiк комок көрсету жұмысының жылдық есебiн құрастыру;

8.өзiнiң кәсiби бiлiктiлiгiн арттыру (5жылда бiр рет) және педагог қызметкерлерге арналған тәртiпке сәйкес аттестациядан өтуi.

Логопед оқу iс жөнiндегi мектеп директорының орынбасарымен, логопедиялық кабинетке сабаққа баратын оқушылардың сынып жетекшiлерiмен, тығыз байланыста жұмыс жасайды, тiл кемшiлiктерi бар оқушылармен түзету жұмысының бағыттарын белгiлеу мақсатында сабақтарға қатысады. Жыл бойында атқарылған iс-шаралар жөнiнде есеп жасап мектеп басшылығына өткiзедi. Мектептiң педагогикалық кеңесiн логопедиялық кабинеттiң мiндеттерi мен жұмыс мазмұны жөнiнде ақпарат бередi. Тiл кемшiлiктерi бар оқушыларға арналған мектеп, мектепке дейiнгi ұйымдармен, логопедтермен, балалар емханаларының дәрігер мамандарымен байланыста болады. Логопедиялық бiлiмдер насихаттауды ата аналарға арнап жүгiзедi: ата аналар жиналыстарына қатысып, оқушылардың жазу бұзылыстарын түзеу немесе алдын алу және оқу үлгерiмiн арттыру мәселелерi жөнiнде баяндамалар оқиды. Мұғалiмдердiң әдiстемелiк бiрлестiктерiнiң мәжiлiстерiне қатысады. Кәсiби бiлiктiлiгi мен iскерлiгiн жетiлдiруге мiндеттi. Демалыс кезiнде, логопедтер педагогикалық және әдiстемелiк, ұйымдастыру шапаларына атсалысады: логопедиялық көмектi қажет етiн балаларды анықтау мақсатында мектепке дейiнгi ұйымдарды аралау, мек-

тепке тіркеу, Республика, облыс, аудан, қалалық семинар, практикалық конференцияларға қатысу.

Мұғалім-логопедтердің жұмысына басшылықты және қадағалауды, қарамағындағы логопедтік пункттің білім беру басқармасы, және логопедтік пункт орналасқан мекеменің әкімшілігі жүзеге асырады.

Ауданда, қалада, облыста, бірнеше логопедтік пункт болған жағдайда аудандық (қалалық), облыстық әдістемелік кабинеттерде немесе білім беру қызметкерлерінің білімін жетілдіру институттарында әдістемелік бірлестіктері құрылуы мүмкін.

Мұғалім –логопедтердің әдістемелік бірлестіктеріне басшылық жасау аттестаттаудың қорытындысы бойынша аға мұғалім -әдіскер атағы бар, білім беруді басқару органы тағайындаған аса тәжірибелі мұғалім –логопедтің біріне жүктеледі.

Аудан орталығынан қашықта орналасқан жалпы білім беретін мекемелерде (шағын жинақталған мектептер) балаларға логопедтік көмекті логопедия бойынша қайта даярлау курсынан өткен мектепке дейінгі мекемелердің педагог – тәрбиешілері мен ана тілі мұғалімдері (бастауыш сыныптардың) жүзеге асыра алады. Бұл ретте логопедтік жұмыс еңбек саласындағы заңнамалық актілерге сәйкес қосымша төлем төлеумен осы Ережеге сәйкес ұйымдастырылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі таңдағы педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі оқушылардың жазуында кездесетін қателердің алдын алу және жою, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар оқушыларымен жүргізілетін түзету жұмысын жетілдіру.

Дисграфиясы бар балаларда көптеген жоғары қызметтерінің қалыптаспағандықтары белгіленеді: көріп талдау мен жинақтау, кеңістіктік түсініктері, сөйлеу тіліндегі дыбыстарды естіп – айтудың ажыратылуының, буындық талдау мен жинақтау, сөйлемді сөздерге бөлу, сөздің лексикалық-грамматикалық реті, есте сақтауының, зейін саласының бұзылыстары.

Нұсқаулықта зертхана қызметкерлердің ғылыми-тәжірибелік зерттеулерінің нәтижесі көрініс алды. Бастауыш сынып білім алушыларының жазуындағы бұзылыстарын әр деңгейде түзету жұмысының мазмұны қарастырылған. түзету жұмысын жүргізуде логопедтің сауатты жұмысының және бастауыш сынып мұғалімімен тығыз байланыс орнатудың маңызы зор. Мектеп логопедінің міндеті білім алушылардың жазуындағы бұзылыстарын дер кезінде анықтап, түзету жұмысын тиімді ұйымдастыру болып табылады.

Дисграфияны түзетуге арналған сабақтарда балалар қайта - қайта тек көшіріп жазумен шектелмеу керек. жазбаша сөйлеу тілін жан-жақты амытып, түзетуге арналған жұмыс түрлерін қолдану керек. Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға арналған әр деңгейдегі (фонетикалық, лексикалық-грамматикалық, синтаксистік) орындауға арналған жұмыс түрлері іріктеліп, берілді. Түзету жұмысын жүрісбестен бұрын логопед өз жұмысын жоспарлай білуі тиіс. Нұсқаулықта жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарында логопедтің әдістемелік-кеңес беру қызметі, балалардың сөйлеу мәнерінің даму деңгейін тексеру, түзету жұмысының күнтізбелік-тақырыптық жоспары құрастылды.

Арнайы әдебиеттердегі деректер және зерттеу нәтижесі бойынша жалпы білім беру мектебінің бастауыш сынып оқушыларының жазу мен оқуының бұзылуы көп таралған ауытқу болып есептеледі. Жазбаша сөйлеу тілін түзету жұмысы дыбыс айтудағы бұзылыстарды, фонематикалық қабылдауын, дыбыстық-буындық талдау мен жинақтауды, сөйлеу тілінің лексикалық және грамматикалық жағын түзетуді қамтуы тиіс.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Жапбаров А. Оқушылардың жазбаша тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. (5-10-сыныптар). 3-кітап. – Алматы, «Арыс» баспасы, 2007. – 256 бет.
2. Корнев А.Н. Нарушения чтения и письма у детей. – СПб.: Речь, 2003. – 330с
3. Р.И.Лалаева «Нарушение чтения и письма у младших школьников» Ростов н/Д: Феникс 2004г
4. Р.Е.Левина. Недостатки чтения и письма у детей. – М., 1990
5. Өмірбекова Қ.Қ. Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы, түзету жолдары Алматы: «Print -S» ЖШС баспаханасы 2009ж. 17-25 бет.
6. Өмірбекова Қ.Қ. «Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тіл бұзылыстарын түзетудің педагогикалық шарттары» Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Арнайы педагогика» сериясы, №4 (43) 2015ж. 18 бет.
7. Қ.Қ.Өмірбекова, А.С.Тухышева «Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің жағдайы» Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Арнайы педагогика» сериясы «Ұлағат» баспасы №1 (44) 2016ж., 38бет
8. Парамонова Л.Г. Предупреждение и устранение дисграфии у детей. – СПб.: Издательство «Союз», 2004
9. Прищепова И.В. “Дизорфография младших школьников”, - СПб.: КАРО, 2006. - 240 с.
10. Сайранбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991.-176б.
11. Сиротюк А.Л. Детская дисграфия М.,2003г.
12. Уаисова Г. И. «Бастауыш сыныпта морфологиялық ұғымдарды оқыту», Алматы-1994.
13. Халилова Л. Б. Семантические нарушения и пути их преодоления у детей с расстройствами речи// Психолингвистика и современная логопедия/ Под ред. Л. Б. Халиловой. - М., 1997. - С. 227-240

Г.Н. Тулебиева, Г.Б. Ибатова, А.А. Даурамбекова, Ж.Ж. Нурсейтова

Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен  
жүргізілетін түзету жұмысының мазмұны  
әдістемелік нұсқаулықтар

Редакторы *Г.Н. Тулебиева.*

Техникалық редакторы *Д. Токтарбекова.*

Компьютерлік қалыптауы *А. Қабанбаев.*

---

Форматы 60x84\16. Қағазы офсеттік. 3,5 шартты баспа табақ.

---

ТП ҰҒПО, 050008, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 273 А,  
тел\факс 394-45-17, 394-45-07.